zangazet@mail.ru
№ 30 (3857)
24 сәуір 2026

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

4-БЕТ



Қауіпсіз қоғамға қадам

5-БЕТ




Кітап көрмесі – ұлт оқырманын қалыптастыруға бастайтын жол

8-БЕТ



Алтын салған жасыл сөмке

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ: ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ АСУЛАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ



**Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізген, халқымыз ғасырлар бойы армандаған мұрат-мақсатына қол жеткізген ұлы оқиғадан соң, оған жалғас жарияланған мемлекеттіліктің талап-шарттылықтары негізінде аса маңызды іс-шаралар көп ұзамай бірінен соң бірі, жеделдете қабылданып жатты. Бұлардың басында, әрине, 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы тұратындығы сөзсіз.**

*(Жалғасы 3-бетте)*

ҰСЫНЫС

Сот төрағасы болу үлкен жауаптылық. Жоғарғы Соттың төрағасын айтпағанда, облыстық соттың төрағасы, алқа төрағасы, аудандық соттың төрағасы болудың қиындығы мен күрделілігі өзінше бөлек тақырып. Себебі төраға болу – төрде отыру емес.

## ТӨРАҒА БОЛУҒА КІМДЕР ЛАЙЫҚ?



Төраға – соттың бет-бейнесі, қазіргі тілмен айтқанда соттың амбассадоры, мәртебелі құрылымның флагманы. Сәйкесінше төраға болу – салаға деген адалдық, кәсіпке деген құрметтің үлгісі. Сот төрағасы деген лауазым кіршіксіз тазалықтың, тура төреліктің, әділдік пен теңдіктің жинақталған бейнесі болуы тиіс. Сондай-ақ бұл қызметті мойнына алған адамның тұлғалық қасиеті, көшбасшылық қабілеті, өз сөзін тыңдата, өз уәжін қабылдата білетін пәрменділігі болғаны дұрыс. Төрағаның тек төрелік алаңында ғана емес, қоғамдағы салмағы, мәртебесі біліну тұрғаны жөн. Елеусіз төраға – елге сыйлы болмайды, ел сыйламаған төрағаның сөзінің де, өзінің де құны төмен.

*(Жалғасы 2-бетте)*

КӨКЖИЕК

## КӘСІПКЕРЛЕР ҚОЛДАУДАН КЕНДЕ ЕМЕС

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Алматы облыстық филиалының мәліметі бойынша, Астанада 22-25 мамыр күндері ЭКСПО халықаралық көрме орталығында өтетін дәстүрлі «Ұлттық өнім» тауарлар көрмесіне Алматы облысынан 25 кәсіпорын қатысқалы отыр.




Олар азық-түлік өндірісі, жеңіл өнеркәсіп, медицина, туризм, үй жиһазы, құрылыс материалдары мен өнеркәсіп өнімдерін өндірушілер және қызмет көрсету салалары бойынша жетістіктерін көрсетеді. Алматы облысының кәсіпкерлері арасында «Таза» брендымен танымал «LTS Kazakhstan», балалар жөргегін шығаратын «Sachiko-Olzha», демалыс қызметін ұсынатын «Я тут», аяқ-қолдарды протездеудің заманауи технологияларын ұсынатын «Medicare International» сияқты компаниялары бар. Көрмеге республиканың әр өңірінен 600-дей кәсіпорын өз өнімдерін ұсынып, оны тамашалауға 30 мыңға жуық адам келеді деп болжануда.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры 2015 жылдан бері ұйымдастырып келе жатқан бұл шараның басты мақсаты – қазақстандық өндірушілерді қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту, сондай-ақ отандық өнімдерді насихаттау. «Ұлттық өнім» көрмесі – отандық кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер алаңы ғана емес, сонымен қатар халыққа «Қазақстанда жасалған» сапалы өнімдерді таныстырудың тиімді тетігі болып табылады.

«Ұлттық өнім» тауарлар көрмесі барысында келушілер отандық өнімдердің сапасымен танысып қана қоймай, кәсіпкерлермен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау шаралары, оның ішінде субсидиялау және кепілдендіру құралдары туралы ақпаратпен танысады. Бұл құралдар кәсіпкерлерге өз бизнесін дамытуға, жаңа жобаларды іске асыруға және өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл бағытта «Даму» қоры тарапынан көрсетілетін қолдау отандық бизнестің тұрақты дамуына серпін беруде.

Мұндай көрмелер өңірлік кәсіпкерлерді танытып қана қоймай: ішкі туризмді дамытады; аймақтық өнімдерді брендке айналдырады; жаңа жұмыс орындары ашылады; шағын бизнес күшейеді; халықтың отандық өнімге сенімі артады. «Ұлттық өнім» көрмесі сонымен қатар, тек таныстыру алаңы емес. Ол импортты алмастыру саясатына да өз үлесін қосады. Яғни, отандық өнімдерді насихаттау ішкі нарықтағы шетелдік тауарларға тәуелділікті азайтуға бағытталған. Жас кәсіпкерлер үшін мұнда: өз брендін таныстыруға, жаңа нарыққа шығуға, инвесторлар мен серіктестер табуға мүмкіндік бар.

Егер мемлекеттік қолдауды нақтылай түсетін болсақ «Даму» қоры арқылы кәсіпкерлер: пайыздық мөлшерлемені субсидиялау; несиеге кепілдік алу; бизнесін кеңейтуге қаржылық қолдау сияқты мүмкіндіктерге ие болады.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

ҰСЫНЫС

# ТӨРАҒА БОЛУҒА КІМДЕР ЛАЙЫҚ?







*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Қазір судьяларды іріктеу, сот құрылымдарына кадрлық резервті қалыптастыру, төрағаларды таңдау жұмысымен Жоғары Сот Кеңесі айналысады. Яғни, басқа құрылымдар өзіне қажетті кадрлар санын анықтап, қандай талаптар қоятынын өздері нақтылап, үміткерлер арасынан лайығын өздері іріктейтін болса, қазақстандық соттың кадр мәселесімен Жоғары Сот емес, Жоғары Сот Кеңесі деген арнайы мекеме айналысады. Соттың мамандарына қатысты мәселеге де Жоғарғы Соттың қатысы жоқ. Бұл жұмысты Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі атқарады. Оған соттардың қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық жақтан қамтамасыз ету, әрі осы жұмысты талапқа сай атқаратын сот қызметкерлерін қалыптастыру қызметі берілген.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, Жоғарғы Сот кадр таңдау ісіне араласпайды, Жоғары Сот Кеңесі мен Сот әкімшілігінің әлеуетіне сеніп, осы екі құрылым ұсынған судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысын үйлестіріп отырады. Тиісінше егер судьяның шалыс басса, пара алып, сот беделіне нұқсан келтіретін әрекет жасаса, Жоғарғы Соттың да, оның төрағасының да қатысы жоқ. Бірақ, өзі іріктеген судьялары теріс әрекетімен қызметтен кетіп жатса да, Жоғары Сот Кеңесінің қылының қисайғанын байқамадық.

Дегенмен, бұл системаның дұрыстығына да, бұрыстығына да қатысты мың сан уәж айтуға болады. Бір нәрсе анық – мұндай жүйе судья болғысы келетін жастардың үмітін арттырды. Содан болар, Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында білім алып, судьялыққа ұмтылған жастар қазір баршылық.

Ал аудандық сот төрағаларын, облыстық соттың төрағалары мен алқа төрағаларын дұрыс таңдап жүрміз бе? Жоғары Сот Кеңесі төрағаларды іріктеуге қаншалықты әділетті, қаншалықты көреген? Осы сұраққа жауап таппақ болып Жоғары Сот Кеңесінің арнайы сайтын түгел ақтарып шықтық. Онда біліктілік емтиханын тапсырудан бастап, судья лауазымына арналған конкурстар, судья кадрларын іріктеу тәртібі мен резервке қоюдың тетіктері туралы толық мәлімет алуға болады. Сондай-ақ, карапайым халықтың үміткерлерге қатысты пікір-лебізін білдіруіне мүмкіндік бар. Тек ол пікірлердің қаншалықты ескеріліп, ескерілмей отырғанын білу қиын. Өйткені, азаматтар пікірін өзге жұрт көре алмайды.

Енді осы тұста бір ұсыныс айту артық болмас. Жоғары Сот Кеңесінің құлағына алтын сырға – аудандық, облыстық сот төрағасы болудан үмітті судьяларға қатысты пікірлер ашық жариялануы керек. Әсіресе, облыстық сот төрағасы болып тағайындалған тұлғаны тек таныстыру кезінде емес, оған дейін халықтың білгені, оған қатысты өз пікірлерін айтқаны абзал. Тіпті, облыстық сот төрағалығына кандидаттар үшін Жоғары Сот Кеңесінің сайтынан арнайы айдар ашып, алдын ала халықтың пікірін білген артықтық етпейді. Азаматтар өздері сот төрағасын сайламаса да, өңірдің сот құрылымын кімнің басқаратынын білуі тиіс емес пе?

Шын мәнінде қазір облыстық соттың төрағасы болуға дайын, кәсіби тұрғыдан пісіп-жетілген тұлғалар аз емес. Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы Нариман Бекназаровты алайық. Рас, ол Жоғарғы Соттың экс-төрағасы Бектас Бекназаровтың баласы. Бірақ, бұл Нариман Бектасұлы әкесінің қолдауымен өсті дегенді білдірмесе керек. Нариман Бекназаров – «дұрыс қанаттанған түзу ұшады» деген тағылымды сөздің тамаша мысалы. Кіші Бекназаровты Алматы қаласындағы Жетісу аудандық прокуратурасында қызмет еткен кезінен білемін. Ол ұйымдастырған талай шараның ортасында жүрдік. Заңға жүйрік, тілге шешен, ісіне мығым. Одан бері тәжірибесі артты, шеберлігі шыңдалды. Енді қай облыстық сотты берсе де қиналмай алып кетері сөзсіз.

Маңғыстау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі алқа төрағасы Исатай Сматовты алайық. Исатай Маратұлы да карапайым судьялықтан бірнеше аудандық сотта төраға болып, алқа төрағалығына дейін өскен білікті кадр. Талапшыл, ізденімпаз, еңбеккор. Ол ұйымдастырған шаралардың форматына, ауқымына қарап алысқа баратын маман екенін білуге болады. Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысқа да жіті мән береді. Өзі қызмет еткен саланың жетістігі мен кемшілігін ашық көрсетіп келе жатқан Исатай Маратұлы бетпе-бет отырып сұхбат беруден де қашқан емес. Сот жұмысына қатысты кез келген сауалға жүрісінен жаңылмайтын жорғадай жауап беретін Сматовтың көп оқығанын, көп ізденетінін бірден байқайсың. Неге осындай азамат облыстық сотты басқармасқа?!

*2024 жылғы есеп бойынша отандық соттағы судьялардың 53,6 пайызын әйел судьялар құрайды екен. Соңғы жылдары аудандық сот төрағасы, облыстық соттың алқа төрағасы болып еңбек етіп жүрген ханымдар легі көбейген. Өкініштісі сол, әлі күнге дейін қазақстандық соттың тарихында облыстық сотты әйел судья басқармаған. Бұл не? Гендерлік теңдікті ескермеу ме? Әлде аудандық сотты, сот алқасын табысты басқарған ханымдар облыстық соттың төрағасы болуға лайық емес пе?*



Абай облыстық сотының алқа төрағасы Бақытберген Жаманбаев, Ақтөбе облыстық сотының алқа төрағасы Әлібек Ахметов, Түркістан облыстық сотының алқа төрағасы Нұрлан Биболов та ақырын жүріп, анық басып келе жатқан мықты мамандар.

Осы ретте тағы бір мәселеге назар аударған жөн. 2024 жылғы есеп бойынша отандық соттағы судьялардың 53,6 пайызын әйел судьялар құрайды екен. Соңғы жылдары аудандық сот төрағасы, облыстық соттың алқа төрағасы болып еңбек етіп жүрген ханымдар легі көбейген. Өкініштісі сол, әлі күнге дейін қазақстандық соттың тарихында облыстық сотты әйел судья басқармаған. Бұл не? Гендерлік теңдікті ескермеу ме? Әлде аудандық сотты, сот алқасын табысты басқарған ханымдар облыстық соттың төрағасы болуға лайық емес пе? Қазір Жоғарғы Соттың алқа төрағасы болып отырған Назгүл Рахметуллинаны өз басым облыстық сотты басқаруға бірден-бір лайық адам деп білем. Күні кеше көпшілік алдында шулы істі шашау шығармай қараған Айжан Құлбаева қай азаматтан кем? Одан бөлек Маңғыстау облыстық сотында алқа төрағасы болып отырған Гүлажар Бақытжанова да облыстық соттың жұмысын іркілмей алып кететін жанның бірі. Сот саласында үзбей еңбек ете жүріп жеті баланы өмірге әкеліп, алтын алқа таққан Гүлажар Қоянбайқызының әмбебаптығына таңданбасқа әддің жоқ. Облыстық телеарнада апта сайын жаңа құқықтық бағдарлама түсіріп, халықтың сауатын көтеріп отырған жалғыз судья да осы Бақытжанова. Бір бағдарламаны дайындап, эфирге шығарудың қаншалықты еңбек, қаншалықты жүк екенін біз жақсы білеміз. Осы тұрғыдан алғанда отбасының да жылуын сақтап, қазылық қызметті де ақсатпай қатар алып келе жатқан мұндай білімді, белсенді, білікті маманды көтеру басқа әйел-судьяларды ынталандырудың кепілі болмай ма? Ендеше, Жоғары Сот Кеңесі бұл мәселені де алдағы уақытта жақсылап ескергені абзал.

Бұқаралық ақпарат құралдары – әр саланың жұмыс көрсеткішінің айнасы. Сот саласымен етене жұмыс істеп келе жатқандықтан бізге қай соттың, қай судьяның болсын жұмысы жақсы таныс. Біз судьяларды біліміне, халықпен диалог құра білгеніне, журналистерді жатсынбай ашық пікір білдіргеніне қарап бағалаймыз. Төраға дегенде тілімізге бірден оралатын Қайрат Мәми, Тілектес Бәрліпбаев, Нұрсерік Шәріпов, Досжан Әмір, Ерден Әріпов, Бағлан Мақұлбековтерді елге жақын еткен осы ашықтығы, халықпен етене тіл табыса білетіндігі. Осындайда Бөлтірік шешеннің «Не сөйлейтіңнді біл, кімге сөйлейтіңнді біл, қай жерде сөйлейтіңнді біл, қай кезде сөйлейтіңнді біл, қалай сөйлейтіңнді біл» деген аталы сөзі еске оралады. Бүгінгі төрағалар бұл тәмсілді білмейді емес. Бірақ, соңғы кездері біліп тұрса да, тіліп айтатын төрағаларды байқай алмай жүрміз. Халық төрағалардан сондай қасиет күтеді.

Зерделі ой, зерек ұсыныстарымен көзге түсіп жүрген Жамбыл облысы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі соттың төрағасы Думан Мауленовті, Қызылорда қаласы экономикалық сотының судьясы Телжан Жүсіповті, Алматы қалалық сотының судьясы Нұржан Қарабаевты, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының судьясы Ернар Қасымбековті, Түркістан облысы әкімшілік сотының төрағасы Марат Шариповты, Алматы қаласы әкімшілік сотының судьясы Ұлан Қажыкенді батыл ойлары, ерекше ұсыныстары үшін сыйлаймын. Елдің алдында жүрген осындай судьялар қызметте биікке жетсе, өз саласының жоқ-жітігін түгендеп, соттың беделі өссе деген ниетпен жазған, айтқан ұсыныстары үшін бағаланса деймін.

Ал оған Жоғары Сот Кеңесінің құзыреті де, мүмкіндігі де жетеді.

**Айнұр СЕМБАЕВА,**
**«Заң газеті»**

ПӘРМЕН

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ ҮШІН
## КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Тіл – халықтың жаны. Тілге байланысты талқының жиі болып, тілге қатысты пікірталастың ұдайы орын алатыны да сондықтан. Әр халық өз тілінің болашағы үшін ғана емес, тілінің құнарын сақтап қалу үшін, қолданылу аясын кеңейту үшін күреседі. Бұл мәселеге салғырт қарау тілдің жойылуына, өлі тілдер қатарына қосылуына алып келеді. Соңғы зерттеулер көрсеткендей әлемде өлі тілдер санатына қосылған тілдер саны 2000-ға жуық. Қазақ тілі осы қатарға қосылмасын десек әр адам күнделікті ана тілінде сөйлеп, туған тілді отбасындағы қарым-қатынас құралына айналдыруы керек.

Мемлекеттік тілдің беделін көтеріп, жан-жақты қолдануға мемлекеттік құрылымдармен бірге, отандық сот та мүдделі. Ол үшін бірнеше мәселені ретімен шешу өзекті. Мысалы біздің елімізде заңдар алдымен орыс тілінде дайындалып, кейіннен мемлекеттік тілге аударылады. Заң, нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін қазақ тіліне аудару кезінде мемлекеттік тілде заңдық терминдер біртекті қолданылмайды. Соның салдарынан кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде заңгерлер үнемі түрлі қиындыққа тап болады. Мысалы, заңның мәтіні тікелей аударылғандықтан, құқық нормаларының мәні жоғалып, заңдық терминдердің мағынасы өзгереді. Бұл құқық нормаларын теріс түсінуге әкеледі. Сондықтан енді заңдарды алдымен қазақ тілінде дайындауға ден қойған дұрыс. Оған еліміздің заңгерлерінің білімі де, әлеуеті де жетеді.

Екіншіден, құқық қорғау, заңгерлерді дайындайтын оқу орындары оқу құралдары мен көмекші жинақтарды қазақ тілінде дайындап, қазақтілді заңгерлердің шоғырын қалыптастыруға күш салғаны абзал. Заңның теориясын қазақ тілінде жетік меңгерген мамандар практикада да тіл тазалығын бұзбайды. Керісінше, заң, құқық саласының мемлекеттік тілде сөйлеуіне негіз қалайды.

Үшіншіден, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге басты мүдделі саналатын мемлекеттік орган өкілдері де, заңгерлер мен адвокаттар да сотқа арыз бен іс материалдарын орыс тілінде жолдайды. Ал процестік заңдардың бәрінде іс материалдары мен талап арыз сотқа қай тілде түссе, сол тілде қаралатыны дәйектелген. Азаматтар да адвокаттардың ықпалынан шыға алмай кейде өзі жетік білмейтін тілде арыз беріп жатады. Осының бәрі сотта мемлекеттік тілде қаралатын іс көрсеткішін төмендетуде.

Мәселен «Тіл туралы» заңның 4-бөлігінде: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі» деп бекітілген. Ал Азаматтық процестік, Қылмыстық-процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерде сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі деп анық көрсетілген. Тек оны сақтамай отырған, өз құқығымызды қолдана алмай отырған – өзіміз.

Мемлекеттік тілге қатысты мәселелерді шешу үшін сот тарапынан жасалып жатқан жұмыстар ауқымды. Бүгінге соттың кіріс-шығыс құжаттары толықтай мемлекеттік тілде дайындалады. Сот қызметкерлерінің де, судьялардың да мемлекеттік тілді білуі басты басымдық ретінде қарастырылады.

Сонымен бірге құзырлы орган басшыларының, адвокаттар мен заңгерлердің, үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел, жиындар тұрақты ұйымдастырылады. Осындай жиындарда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің негіздері мен жолдары туралы айтылып, заң терминдерін қолдану, арыз-шағымдарды қазақ тілінде дайындау бойынша кеңестер беріледі.

Әрине, қазақ тілінің мәртебесін көтеру бір адамның қолынан келмейді, әрі тіл тағдырына араша болу бір күнде шешімін табатын мәселе емес. Сондықтан әрбір Қазақстан азаматы, әрбір білікті маман өз саласында қазақ тілінің үстемдігі үшін өз үлесін қосуы керек.

**Лаура НҰРМАҒАНБЕТОВА,**
**Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ:
## ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ АСУЛАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ



***(Соңы. Басы 1-бетте)***

Бар жақсылықтың бастауындай болған осы маңызды құжаттан кейінгі ірі іс-шаралар мемлекет іргесін бекіте түсті; алғашқы Конституцияның қабылдануы, елімізде Президент қызметінің енгізілуі, Ұлттық валюта – теңгенің айналымға енуі, Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылуы, Еуразия кіндігінен еліміздің басты орталығы – Астана қаласының бой көтеруі, Қазақстан Республикасының БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ секілді беделді халықаралық ұйымдардың мүшелігіне өтуі, осының аясында Астана доктринасының қабылдануы, ҚР Мемлекеттік рәміздердің қабылдануы – тәуелсіз елімізді аяғынан тік тұрғызған, дүние жүзі елдеріне танымал еткен аса маңызды оқиғалар тұрғысынан ел есінде айрықша сақталып қалды.

Міне, осындай тәуелсіз еліміздің әлеуетін көтерген мемлекеттік маңызы жоғары шараның бірі ретінде ҚР Судьялар одағының құрылуын айтар едік. Бұл шешім – тәуелсіз елдің болашағы үшін, оның нық сеніммен алға басып, дүние жүзінің алдыңғы сапындағы мемлекеттер қатарына қосылу жолындағы әбден пісіп, саяси маңызы жоғары, жан-жақты ойластырылған қадам болғанына уақыт өткен сайын көзіміз жетті. Жасырары жоқ, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында әлі толғауы жетілмеген, шикі шешімдер де болған, олардың халықтан қолдау таппай, арқауы босаң болып, көп ұзамай тоқырауға ұшырағаны да белгілі. Және бұл заңдылық.

Өзінің сан ғасырлық тарихында Қазақ елі – тек тәуелсіз ел атанып қана қоймай, дамудың өзгеше жолына түсті; ескі дәуірлердегі азаттықтың жөні мүлде бөлек-ті, арғы заманды айтпағанда, Керей-Жәнібек хандардың шаңырағын көтерген Қазақ Ордасының болашағы бұлыңғыр, арпалысқа толы алмағайып кезең болғаны түсінікті. Ал, біздің дәуіріміздегі тәуелсіздік – тағдырдың өзі ұсынған өзгеше сыйы болатын. Ата-бабамыздың қасық қанымен, құрбандығымен сақталып келген ел мен жер, отаршылдық шынжырын тас-талқан етіп бұзып, еш қан-төгіссіз нағыз иесіне бұйырды, тарих дөңгелегі шыр көбелек айнала келгенде, ел-жұртымызды шексіз шаттыққа бөлеген, сан ғасырлар арман еткен бақыттың кілтін ұстатқандай болған ақжарылқап күн туды; әділет салтанат құрды.

Бірақ, барға қанағат қылып отыра беруге болмайтыны белгілі, тәуелсіздікті баянды ететін, егемендікті нығайтатын кесек шешімдер өз кезегін күтіп тұрғаны айқын болды. Сондықтан, мемлекет тұғырын биіктетудегі ең кезек күттірмейтін іс – елдің заңы мен сотын қалыптастыру екендігі қалай айқын болса, олардың өз ішінде жүйелі өрісті жолға түсуі, жіктеліп-жүлгеленуі, сараланып-салалануы қажеттілігі – Қазақ мемлекеттігі құрылымының бастапқы кезеңінде-ақ айқындалып, бірден қолға алынғандығын бүгінгі күнде баса айтуға тиіспіз. Міне, осыны Қазақстан Республикасы Судьялар одағының отыз жылдық белесінде әбден абыройлы асуларымен айқындап, салмақпен саралар кезең жетті деп пайымдаймыз.

Судьялар одағы отыз жылда үлкен тарихи кезеңнен абыроймен өтті; республиканың маңызды қоғамдық бірлестігі ретінде шыңдалды; еліміздің сот жүйесін қалыптастырып, өрістете түсуге шексіз үлесін қосып, оң ықпалын тигізумен келеді. Сонымен бірге, құқық қолдану тәжірибесін жетілдіретін беделді қоғамдық алаңға айналды. Одақ сот істеріне қатысты заңнамалық бастамаларды талдап-таразылап, ел сарабына ұсынып отыру бағытында зор қызмет атқарып келеді. Халықпен неғұрлым етене жақын араласып, сот төрелігінің тиімділігін арттыру орайында қоғаммен бірлесіп, ақылдасып отыруға, ортақ нәтижелі шешімдер қабылдауға бейім.

Судьялар одағы өзінің құрылған кезінен бастап, қабылданған төл жарғыларына сай еңбектеніп, сот істерінің неғұрлым халықшылдығын, әділдігін қамтамасыз етуге қызмет етуде.

Сот шешімдерінің оң қабылдануы тұрғысынан, кәсібилік пен әдеп нормаларын орнықтырып, практика жүзінде біріздiлік, тұрақтылық қалыптастыру, судьялардың кәсіби даярлығын арттыру, өзара тәжірибе алмасу аумағын кеңейту, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларды ұйымдастырып, жүйелі түрде өткізіп отыру мәселелеріне ұдайы көңіл бөледі. Судья әдебі нормаларын нығайту, жоғары стандартты түрде қалыптастыру – одақ ұстанған негізгі бағыттың бірі. Судьялар одағының құрылған шағынан бастап, қабылданған жарғы-ережелер бойынша жүйелі түрде жұмыс атқарылып, өзінің оң нәтижесін көрсетіп келе жатқанына ел-жұртымыз куә, оған сіздер мен біздер, қанаттаса, ортақ мүддеге үлес қосқан әріптестеріміз де куә екендігі анық.

> *...тәуелсіз еліміздің әлеуетін көтерген мемлекеттік маңызы жоғары шараның бірі ретінде ҚР Судьялар одағының құрылуын айтар едік. Бұл шешім - тәуелсіз елдің болашағы үшін, оның нық сеніммен алға басып, дүние жүзінің алдыңғы сапындағы мемлекеттер қатарына қосылу жолындағы әбден пісіп, саяси маңызы жоғары, жан-жақты ойластырылған қадам болғанына уақыт өткен сайын көзіміз жетті.*

Әуелгі съезден бастап, нақтылай атап өтсек, Қазақстан Республикасы судьяларының 1996 жылғы 19 желтоқсанда I съезі, 1999 жылғы 25 қаңтардағы II съезд қаулысымен, Судьялар одағының III съезінің 2001 жылғы 6 маусымдағы қаулысымен, Судьялар одағының V съезінің 2009 жылғы 18 қарашадағы қаулысымен, Судьялар одағының кезектен тыс VII съезінің 2016 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негізінде, «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жарғысы қабылданып, бір арнаға түсіп, өз жұмысын жүйелі түрде атқарып келеді. Жоғарыда көріп отырғандарыңыздай, бір көңіл бөлетін мәселе – Судьялар одағының жарғысы қашан бір арнада тоғысып, белгілі бір жүйелі қалыпты бағытына түскенше арада біраз уақыт өтіпті. Яғни, 1996 жылы одақтың құрылған кезінен бастап, 2016 жылдарға дейін, I-V съездер аралығында жиырма жыл бойы жарғы-ережелері үздіксіз жетіліп, өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырғанын көреміз.

Біздің өз көкейімізге түйген пайымдауымыз бойынша, бұл ешқандай одақтың осалдық танытуы емес, қалыпты заңдылық. Олай болатын себебі, алғашқы қадамдарын енді-енді бастаған тәуелсіз ел өз тарихында бұрын-соңды кездеспеген күрделі кедергілерге тап болды; осы замандарға дейін отаршылдық дәуірінің түрлі кезеңдерінен өткен еліміз еркіндікке қолжеткізген алғашқы қадамдарында, жасырары жоқ, теңіз толқынына ұрынған қайықтай қалтылдақ күй кешті, жас мемлекеттің алдынан қат-қабат күрделі мәселелер қаптап, қабындап шыға келді. Ал осындай жағдайдағы елдің негізгі ауыртпалық жүгі, әрине, ең алдымен, заң мен сот салаларына түсетіндігі сөзсіз. Сондықтан, еліміздің Судьялар одағының әу бастағы тежелісінен ешқандай өзгеше астар іздеуге болмайды, бұл тәуелсіз мемлекетпен бірге туындаған қиындық-кедергілердің бір саласы деп қабылдауымыз жөн.

Оның үстіне, «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» демекші, одақтың бұл жарғысы мезгіл сынақтарынан өтіп, шыңдалған, сараланған, түрлі сынақтарға төтеп бере алатын беріктікке ие болған, қаншама буынның сараптамасынан өткен қуатты, қауқарлы, кезеңдік талаптарға сай, мемлекет мүдделерімен сабақтастыра құрастырылған, Судьялар одағының нағыз бет-келбетін, адал да әділ ұстанымын айқындайтын, мемлекеттік стандарттарға сай, жарқын заманауи заңнамалық құжаттама деп толық сеніммен айта аламыз. Уақыт-сыншы демекші, міне, соған отыз жылдық тарихымызға ой жүгіртіп отырған тұсымызда да көзіміз жете түскендей, өзіміз ғана емес, қоршаған орта, қаймана жұртымызға да Судьялар одағы қауымдастығы өзара ынтымақ-бірлігінің беріктігін, тәуелсіз мемлекеттің арқа сүйейтін керегесін кеңейткен бір іргелі шаңырағы-құрамдас бөлшегіне айналғанына тілеулес халқымыздың да көзі жетіп, көңілі көншитіндей.

Судьялар одағы халықаралық қарым-қатынасқа көп көңіл бөлуде. БҰҰДБ, ЕҚЫҰ, Европалық кеңес, CIZ. USAID.ABAROLI, сондай-ақ, Халықаралық заңгерлер одағы сияқты ұйым, бірлестіктермен белсенді байланыс жасап, өзара ынтымақтаса қызмет атқаруда. Тәжірибе алмасу мақсатында іссапарларға шығу, барыс-келіс тұрақты жолға қойылған. Соның нәтижесінде 2011 жылғы 8 қыркүйекте Халықаралық Судьялар қауымдастығының 54-отырысында толық құқықты мүшелік мәртебесін алды. Ешбір елдің өз қазанында ғана қайнап, өркендемейтінін ескерсек, біз мұны одақтың дамуға жасалған сәтті, нәтижелі қадамы деп бағалауға қақымыз бар.

Әрине, еліміздің заңы мен соты ел басшылығының қолдауынсыз ілгері басып, өркендеу жолына түсе алмас еді. Осы тұрғыдан келгенде, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің әр жолдауында заң мен сот салаларының ауқымды мәселелерін үнемі алға тартып отырады, қатаң талап та қойып, сонымен бірге, зор қолдау білдіруде. Бұл өзі ел басшысының мемлекет тізгінін қолына алғаннан берік ұстанған бағыты десек жаңылыспаймыз. Мысалы, Президенттің 2022 жылы 16 наурыздағы жолдауы көптеген түйінді мәселелерді шешуді алдымызға мақсат етіп қойды. Жолдаудың атауы да осындай елдік үлкен мүдделерді көздегендей тастүйін мақсаткерлік нышанын аңдатып еді: «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». Сол жолдауында Президент сөзінің басында: «Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыруы енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс» деп, жалпы елдік мұрат-мүддені алға сала отырып, бұл бағыттағы заң мен соттың рөліне зор басымдық берді.

Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек. Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек. Күштік құрылымдар сотқа ықпал етпеуге тиіс. Бұл өте маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек. Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз. Судьяның өрескел қателік жіберген және күшін жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс.

«Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қараған жөн.

Апелляция институтын реформалау қажет. Істер бірінші сатыдағы сотқа қайтарылмай, нақты мән-маңызы бойынша шешім шығарылуы қажет. Мемлекеттің сот процесіне қатысуын азайтқан жөн. Мемлекеттік органдар арасындағы сот дауларын да ретке келтіретін кез келді. Егер екі министрлік заң нормаларын әртүрлі түсінсе, ондай мәселені Үкімет түпкілікті шешуге тиіс. Дәл осындай тәсілді мемлекеттік органдардың мемлекеттік ұйымдармен арадағы дауларына да қатысты қолдану қажет...»

Мінекей, аңдап, бажайлай үңілсек, ел басшысы заң мен сот органдарына қатаң, жоғары талап қоя отырып, олардың абырой-беделін көтеруге, заңға деген құрметтің төмендемеуіне зор көңіл бөлетінін аңдап отырмыз. Бұл, әрине, заң мен сот салаларының жауапкершілігін арттыра түседі, сонымен бірге, өз атқарған істеріне сенімін нығайта түсері сөзсіз.

Ел басшысының пікірі халықтың ортақ көзқарасын білдірмек. Олай болса, жігерімізді жани түсіп, жарқын болашаққа сеніммен, зор құлшыныспен ұмтылайық, ел дамуы жолына өз үлесімізді қосып, еңсемізді тік ұстайық дегім келеді.

Әрине, өмір, қоғам бір орында тұрмайды. Әр кезең, өскелең, өркендеу, даму бағыты өз талаптарын ұсынары заңдылық. Таптаурын ізбен шыр көбелек айналып, қайталаушылық, бірсарындылық бағыттарды тоқырауға ұшырататыны, тежеліске алып келетіні, өткен тарих белестерінен айқын танылды. Олай болса, еліміздің Судьялар одағы тәуелсіз елімізбен бірге дамудың оң бағытында өрістеп, керегесін кеңейтіп, өзінің мәртебелі биігіне көтерілді. Бұдан былай да шарықтап, дәуірлей береді, жарқын болашаққа жұртымызбен бірге қарыштап қадам басады деген сеніміміз мол.

**Досжан ӘМІР,**
**Қазақстан Республикасы**
**Судьялар одағының төрағасы**

ПАЙЫМ

# БІТІМ – ЕЛДІҢ БЕРЕКЕСІ, ТАТУЛЫҚ – ҰЛТТЫҢ ТҰТАСТЫҒЫ

Еліміздің құқықтық жүйесінде соңғы 15 жылда татуластыру рәсімдерін дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Әлі де бұл бағыт сот жүйесінің басты басымдықтарының бірі болып қала береді. Қазақстанның Президенті белгілеген сот реформасының маңызды бөлігі – қоғамдағы дау-дамайларды шешудің баламалы жолдары арқылы әділдік пен бірлікті сақтаумен өзектес.

Қазақ халқы ежелден дауласудан бұрын бітімге келуді, жарастыруды қасиетті іс деп білген. «Билер сотының» тәжірибесінде шешімнің ең әділ түрі – тараптарды татуластыру арқылы елдің бірлігін сақтау еді. «Татулық – туыстықтан да қымбат», «Дауы шешілмеген елдің ынтымағы кетеді» деген даналық сөздер осының дәлелі. Қазіргі татуластыру рәсімдері – сол бітімгершілік дәстүрдің заңды жалғасы. Енді бұл көне дәстүр заманауи құқықтық ұстанымдармен ұштасып, сот төрелігін ізгілендіру саясатының бір бөлігіне айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дала заңын жоғары бағалайтынын, біздің халық хандық дәуірден жалғасып келе жатқан заңдар негізінің қоғамдық дамуға ерекше ықпал ететінін ұдайы айтып отырады. Президент былтыр құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «Қазақ халқы қай заманда да заңға бас иген, дала заңын сақтаған халық. Біз ата-бабамыздың бірегей құқықтық мұраларын мұқият зерделеп, жан-жақты насихаттауымыз керек. Заң – қысым көрсетуге немесе қудалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Біз осы ақиқатты терең түсінетін азаматтық және мәдени орта қалыптастыруымыз қажет» деген еді. Бұл сөзі арқылы Қ.Тоқаев мемлекеттік аппарат пен бүкіл қоғам жұмылып жұмыс істесе, еліміз көздеген мақсатына жететінін айтты. Осы орайда ұлттық құндылыққа ерекше әсер ететін заңнамалар ішінде бұрынғы татуластыру рәсімдерін, бүгінгі «Медиация туралы» заңын атап айтуға болады.

Әрбір азамат бұл заңды мәжбүрлікпен емес, саналы түрде орындауға тырысса, ел ішінде алауыздық пен өшпенділік өршімейді. Керісінше татулықпен біткен істе береке болады. Соңғы реформалар нәтижесінде:

- Сотқа дейінгі татуластыру орталықтары құрылып, медиация мен партисипативтік (татуласу келісімін жасау) рәсімдер кеңінен қолданылуда;
- Электронды медиация жүйесі енгізіліп, азаматтар электронды форматта өтініш бере алады;
- Судья-медиаторлар институты дамып келеді – бұл бейтарап соттың қатысуымен татуласу мәдениетін нығайтады;
- Отбасылық және еңбек дауларында татуластыру рәсімдерін қолдану тәжірибесі айтарлықтай жетілді.

Татуластыру рәсімі – тек құқықтық құрал емес, қоғамдық мәдениеттің көрінісі. Оның халыққа тиімді тұстары: уақыт пен қаражат үнемделеді; қарым-қатынастың бұзылуына жол берілмейді; проблема емес, түсіністік шешімге айналады; соттардың жүктемесі азайып, әділдікке қолжетімділік артады. Осының бәрі мемлекетіміздің басты мақсаты – әлеуметтік келісім мен тұрақтылықты сақтау, халық мүддесін қорғау деген идеямен үйлеседі.

2026 жылдан бастап татуластыру рәсімдерін жетілдірудің жаңа бағыты – цифрлық медиация мен жергілікті қауымдастықтарда бітімгершілік орталықтарын дамыту қолға алынды.

**Айнагул УСЕРБАЕВА**
**Бейнеу аудандық сотының төрағасы**
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

## КИЕ

Мемлекеттік тіл – ұлттың рухани тірегі, ел бірлігінің негізі. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл ретте мемлекеттік тілдің қоғамның барлық саласында, соның ішінде сот жүйесінде кеңінен қолданылуы маңызды.

# ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Сот – заң мен әділдіктің мекені. Сондықтан сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің қолданылуы тек заң талабы ғана емес, уақыт талабы. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, сот құжаттарын рәсімдеуде, сот отырыстарын өткізуде мемлекеттік тілдің орны айрықша.

ҚР Конституциясы мемлекеттік тілдің мәртебесін айқындап берді. Осы талапқа сай сот саласында қазақ тілінің қолданылу үлесін арттыру – маңызды міндеттердің бірі. Себебі мемлекеттік тілде жүргізілген іс азаматтарға түсінікті, қолжетімді әрі ашық құқықтық кеңістік қалыптастырады. Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің орны ерекше. Себебі сот төрелігі – әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ететін маңызды институт. Азаматтардың құқықтарын қорғау, заң талаптарын түсіндіру және сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілді қолдану – заң талаптарының орындалуы ғана емес, азаматтарға қолжетімді әрі түсінікті құқықтық орта қалыптастырудың кепілі.

Мемлекеттік тілдің сот тәжірибесінде кеңінен қолданылуы халықтың сотқа деген сенімін арттыруға да ықпал етеді. Әсіресе талап қою арыздары, сот шешімдері мен өзге де процессуалдық құжаттардың қазақ тілінде дайындалуы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.

Тілге құрмет – елге құрмет. Мемлекеттік тілді дамыту мен оның беделін көтеру – баршаға ортақ міндет. Бұл бағытта сот жүйесі де шет қалмай, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға өз үлесін қосуы тиіс.

Мемлекеттік тілдің тұғыры биік болса, мемлекеттің де мерейі үстем болмақ. Сондықтан қазақ тілін сот төрелігінің тіліне айналдыру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

**Жандос САТАНОВ,**
**Ақтөбе қалалық сотының судьясы**

## РЕФОРМА

# КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ АЗАМАТТАР СЕНІМІН НЫҒАЙТАДЫ

Сот жүйесін жетілдіру – құқықтық мемлекеттің басты белгілерінің бірі. Қазақстанда жүргізіліп жатқан сот реформаларының маңызды бағыттарының бірі – кассациялық соттардың құрылуы. Бұл өзгеріс азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға, сот төрелігінің сапасын арттыруға және соттарға деген сенімді нығайтуға бағытталған.



Кассациялық сот – төменгі сатыдағы соттардың заңды дұрыс қолдануын тексеретін жоғары деңгейлі сот инстанциясы. Оның басты міндеті – істің мән-жайын қайта қарау емес, құқық нормаларының дұрыс қолданылғанын бағалау. Осы арқылы сот тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз етуге және заң үстемдігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда кассациялық соттарды құру идеясы сот жүктемесін оңтайландыру және істерді қарау сапасын арттыру қажеттілігінен туындады. Бұған дейін кассациялық тәртіппен қарау функциясы Жоғарғы Соттың құзырында болды. Нәтижесінде, істердің көптігі сот процестерінің ұзақтығына әсер етті. Жаңа кассациялық соттарды құру арқылы бұл жүктемені бөлу және істерді жедел әрі сапалы қарау көзделіп отыр.

Кассациялық соттардың енгізілуі бірнеше маңызды артықшылықтарға ие. Біріншіден, азаматтар үшін әділ сотқа қол жеткізу мүмкіндігі кеңейеді. Екіншіден, сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігіне бақылау күшейеді. Үшіншіден, сот тәжірибесінің біріздігі қамтамасыз етіледі. Бұл өз кезегінде құқықтық айқындық пен тұрақтылықты арттырады.

Сонымен қатар, кассациялық соттардың құрылуы судьялардың кәсіби деңгейіне де жоғары талап қояды. Өйткені бұл сатыда тек құқықтық мәселелер қаралатындықтан, судьялар заң нормаларын терең меңгерген, тәжірибесі мол болуы тиіс. Осыған байланысты судьяларды іріктеу мен даярлау жүйесіне ерекше көңіл бөлінуде.

Қорытындылай келе, кассациялық соттардың құрылуы – сот жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадам. Бұл реформа азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп қана қоймай, сот төрелігінің сапасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Ал әділ әрі тиімді сот жүйесі – кез келген дамыған мемлекеттің берік тірегі.

**А.ҚАРШЫҒА,**
**Қызылорда қалалық сотының судьясы**

## ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету қашанда күн тәртібінде тұратын аса өзекті мәселе. Түркістан облысында бұл бағыттағы жұмыс әлдеқашан бір арнаға түскен. Заң және тәртіп қағидаларының іс жүзінде оңынан жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында құқық қорғау органдары күнделікті іс-әрекеттің барлығы кәсіби түрде орындалуына баса назар аударып келеді. Бұл Түркістан облыстық Полиция департаментінің осы жылдың алғашқы тоқсанының қорытындысы бойынша өткен жиын барысында анық байқалды. Полицияның кеңейтілген жедел кеңесінде қаралған мәселелер тек көрсеткіштерді саралаумен шектелмей, құқық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған нақты шешімдер мен өлшенетін нәтижелерге негізделіпті. Басым бағыттар айқындалып, міндеттер нақтыланған алқалы жиын барысында өңірдің іс жүзінде «Қауіпсіз қоғам» моделін қалыптастырудың маңызды кезеңіне қадам басқанын айқын көрсетті.

# ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМҒА ҚАДАМ

Кеңесте жедел-қызметтік жұмыстың барлық бағыттары кешенді түрде қаралып, әрбір сала бойынша нақты нәтижелер мен түйткілдер ашық айтылды. Әкімшілік тәжірибе, қоғамдық қауіпсіздік, жеке құрам арасындағы тәртіп пен заңдылық, цифрландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету – барлығы өзара байланыста қарастырылып, құқық қорғау жүйесінің біртұтас механизмі ретінде бағаланды.

Жиында ерекше назар аударылған бағыттардың бірі – кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі болды. Өйткені, қазіргі қоғамда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу тек жазалау шараларымен ғана емес, жүйелі профилактикамен жүзеге асырылуы тиіс екені анық. Осы ретте облыста ашылған 21 «Жас сақшы» сыныптары нақты нәтижеге бағытталған бастама ретінде бағаланды. Бұл сыныптар арқылы оқушылардың құқықтық сауатын арттыру, патриоттық тәрбие беру және болашақта құқық қорғау саласына қызығушылық қалыптастыру көзделген. Сонымен қатар психологтардың қатысуымен тәуекел топтағы отбасыларды ерте анықтау – құқық бұзушылықтың алдын алудың ең тиімді тетіктерінің бірі ретінде белгіленді.

Профилактикалық іс-шаралар да жүйелі сипатқа ие бола бастаған. Мәселен, «Түнгі қаладағы балалар» және «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шаралары тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл шаралар құқық бұзушылықтың алдын алуға ғана емес, ата-аналар жауапкершілігін арттыруға және қоғамда заңға құрмет мәдениетін қалыптастыруға ықпал еткен.





Жиын барысында жол қауіпсіздігі мәселесін талдау да әңгіме өзегіне айналды. Профилактикалық жұмыстар күшейтілгенімен, статистикалық көрсеткіштерде өсімнің байқалуы – бұл салада жүйелі мәселелердің бар екенін аңғартады. Жүгенсіз жүргізушілердің әрекеті жол-көлік оқиғаларының негізгі себептерінің бірі болып отыр. Осыған байланысты бақылауды күшейту, цифрлық шешімдерді енгізу және жауапкершілікті арттыру бағытында нақты тапсырмалар берілді.

Аймақта цифрландырудың тиімділігін нақты көрсеткен құралдардың бірі – «Қорғау – қауіпті жүргізуші» мобильдік қосымшасы. Осы қосымша арқылы 6592 автокөлік анықталып, айыптұрақтарға қойылған. Бұл көрсеткіш тек құқық бұзушылықты анықтау деңгейінің артқанын ғана емес, цифрлық бақылау жүйесінің нақты нәтиже беріп отырғанын дәлелдейді. Мұндай технологиялар адами факторды азайтып, құқықтық қолдану тәжірибесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етеді.



Цифрландыру бағыты жалпы мемлекеттік саясатпен үндесіп отыр. Мәселен, 2026 жылды Мемлекет басшысы «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялауы – құқық қорғау органдарының жұмысын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін стратегиялық шешімге айналды. Түркістан өңірінде осы бағыттағы жобаларға басымдық берілуі – құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттырумен қатар, халықпен кері байланысты нығайтуға жол ашады.

Жалпы, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бағытында алкоголь өнімдерін заңсыз сату деректеріне қатысты нақты нәтижелер бар. І тоқсан қорытындысы бойынша 167 кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар өңірдегі 80 ауыл ішімдік ішуден мүлде бас тартқан. Бұл көрсеткіштер тек бақылаудың күшейгенін ғана емес, қоғамда құқықтық мәдениеттің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Әсіресе ауылдық жерлерде мұндай шешімдердің қабылдануы – қоғамдық келісім мен жауапкершіліктің артуының айқын белгісі.

Облыстық полиция департаментінің дерегінше қылмыстың алдын алу бағытында «үлгілі ауылдар» санын көбейту тапсырмасы берілген. Бұл – құқықбұзушылық деңгейі төмен, қоғамдық тәртіп жоғары деңгейде сақталатын елді мекендердің тәжірибесін кеңінен таратуға бағытталған бастама. Мұндай модельдер құқық қорғау органдары мен жергілікті қауымдастықтың тиімді өзара іс-қимылының нәтижесі ретінде қарастырылады.

– Заңсыз қару-жарақ айналымына қарсы күрес, ұйымдасқан қылмыстық топтардың жолын кесу және алаяқтық қылмыстардың алдын алу бағытындағы жұмыстар да жандандырылады. Бұл бағыттар қоғам қауіпсіздігіне тікелей әсер ететіндіктен, жедел және алдын алу шаралары қатар жүргізілуі тиіс, – деп атап өтті Түркістан облысы полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Арыстанхан Заппаров.

Ел ішінде аса өзекті мәселеге айнала бастаған электросамокаттарды пайдалану маусымының басталуына байланысты енгізілетін жаңашылдықтар да назардан тыс қалмады. Мәселен, 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап электросамокаттарды міндетті тіркеу енгізіледі. Бұл шешім қалалық ортадағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған байланысты дайындық жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Кадрлық саясат мәселесі де кеңесте маңызды орын алды. «Үлгілі полиция» номинациясы аясында қызметкерлерді анықтап, оларды ынталандыру – кәсібилікті арттырудың тиімді тетігі ретінде қарастырылды. Сонымен қатар ардагерлер мен тәлімгерлердің тәжірибесін пайдалану арқылы жас қызметкерлердің біліктілігін арттыру қажеттігі атап өтілді.

Жалпы алғанда, І тоқсан қорытындысы нақты сандар мен көрсеткіштер арқылы құқық қорғау жүйесінің даму динамикасын айқын көрсетіп отыр. 6592 анықталған автокөлік, 167 жауапкершілікке тартылған кәсіпкер, 80 алкогольден бас тартқан ауылдық дүкен, 21 «Жас сақшы» сыныбы – бұлардың барлығы құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі жұмыстың нақты нәтижелері екені даусыз.

Бұл көрсеткіштер тек статистика емес, қоғамдағы заң үстемдігі мен тәртіп мәдениеті қалыптасуының индикаторы. Түркістан өңірінде жүргізіліп жатқан саясаттың басты мақсаты – құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік қағидатын орнықтыру, халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру және әрбір азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге барынша назар аударылады.

Қауіпсіз қоғам бұл тек полицияның жұмысы емес, бұл – мемлекет пен қоғамның ортақ жауапкершілігі. І тоқсан қорытындысы Түркістан облысында құқық қорғау жүйесінің нақты нәтижелерге бағытталғанын, алдағы кезеңге арналған міндеттердің айқын белгіленгенін көрсетті. Бұл – қауіпсіз, әділетті және тұрақты қоғам құру жолындағы жүйелі әрі сенімді қадаға айналары сөзсіз.

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ**
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

## ҚОРҒАНЫС

# ӘСКЕР АЙБЫНЫ САПАЛЫ ДАЙЫНДЫҚТАН КӨРІНЕДІ

**Қазақстанның қорғаныс саясаты елдің егемендігін сақтау мен нығайтудың негізгі құралдарының бірі болып отыр. Қазіргі геосаяси жағдайда қауіпсіздік тек қару-жарақпен шектелмей, кәсіби кадрлар даярлау мен халықаралық әскери ынтымақтастықты дамытуды талап етеді. Осы бағыттағы маңызды қадам ретінде Алматы қаласында Қарулы Күштерді жөндеуші кіші мамандар даярлайтын оқу орталығының ашылуын айтуға болады.**

Жақында аталған орталықтың алғашқы түлектері оқуын сәтті аяқтады. ҚР Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, мерзімді әскери қызметшілер 4,5 ай ішінде тек әскери салаға ғана емес, азаматтық экономикаға да қажетті мамандықтарды меңгеріп шыққан.

Өткен жылы Қорғаныс министрінің шешімімен құрылған мекемеде оқыту тоғыз бағыт бойынша ұйымдастырылған. Мұнда зымыран-артиллериялық қару-жарақты, сауытты автокөлік техникасын, сондай-ақ металл, ағаш өңдеуші, дәнекерлеушілерді, мотористерді және аккумулятор электриктерін жөндеу бойынша мамандар даярлайды.

– Оқу қорытындысы бойынша курсанттар емтихандарды сәтті тапсырып, өз мамандықтары бойынша сертификаттар алды. Сонымен қатар әскери қызметшілердің 30%-ы келісімшарт бойынша қызметін жалғастыру туралы шешім қабылдап отыр. Бұл олардың ынтасының жоғарылығын және алған білімдерінің сұранысқа ие екенін көрсетеді. Қалған мамандар әрі қарай қызмет өткеру үшін әскери бөлімдерге жіберіледі, – деді оқу орталығының бастығы подполковник Нұркен Орынбасаров.

Курсанттар жас жауынгер курсы мен мамандандырылған оқытуды қамтитын қарқынды дайындық бағдарламасынан өтті. Іс жүзіндегі дайындыққа, әсіресе, техниканы жөндеуге, диагностикалауға және қызмет көрсету дағдыларын игеруге, оның ішінде далалы жердегі іске ерекше назар аударылды.

– Армияға дейін автоэлектрик ретінде орта арнайы білім алғанмын. Мұнда сауытты машиналарды жөндеу мамандығын игеріп, өзіме ұнайтынын түсіндім. Келісімшарт бойынша қызмет етіп, осы бағытта дамуды ұйғарып отырмын, – деді мерзімді қызмет түлектерінің бірі қатардағы жауынгер Нұрдос Жұмабеков.

Оқу орталығын құру және дамыту Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілерді даярлау сапасын арттыру және оларда практикалық дағдыларды қалыптастыру жөніндегі жүйелі жұмыстың бөлігі. Осында алған мамандықтары әскери қызметшілерге борышын аяқтағаннан кейін де өнеркәсіптік секторда, көлік және техникалық қызмет көрсету саласында жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді.

Биыл ұшқышсыз басқарылатын авиациялық жүйелерді, тренажерлер мен полигондық жабдықтарды жөндеу бағыттарымен қоса, білім алушылар санын ұлғайту және мамандықтар тізбесін кеңейту көзделіп отыр.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**
**«Заң газеті»**



## АЙМАҚ-АҚПАРАТ

### Өңір басшысы әлеуметтік орталықты аралады

Абай облысының әкімі Берік Уәли қаланы аралау барысында №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы филиалының қызметімен танысты.

Аталған орталықта қазіргі таңда 556 қызмет алушы тіркелген. Күн сайын шамамен 100 адам қабылданады. Мекемеде 12 қызметкер еңбек етеді. Орталықта әлеуметтік қызметтердің 7 түрі көрсетіледі. Атап айтқанда, медициналық, психологиялық, еңбек, мәдени, экономикалық, құқықтық және сауықтыру қызметтері ұсынылады.

Орталық мамандары әрбір қызмет алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың даму деңгейін көтеруге, қоғамға бейімделуіне және толық интеграциялануына жағдай жасайды. Облыс әкімі ғимаратты аралап көріп, мұндағы ардагерлермен және қызметкерлермен пікір алмасты. Орталықтың материалдық-техникалық базасы мен көрсетілетін қызметтердің сапасына назар аударды.

«№3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және белсенді ұзақ өмір сүру орталығында азаматтарға жақсы жағдай жасалып, жайлы орта қалыптасқан екен. Қызмет түрлері де жеткілікті. Ең бастысы – әр адамның жағдайына қарай көмек көрсетіледі. Мұндай мекемелердің жұмысы өте маңызды. Сіздердің осылай көңілді, алаңсыз жүргендеріңіз бізді де қуантады. Орталыққа әкімдік тарапынан тиісті қолдау көрсетілетін болады», – деді Берік Уәли.

**А.МӘУЛЕНБАЙ**
АБАЙ ОБЛЫСЫ

### Жаңа спорт кешені пайдалануға берілді

Дариян ауылында бұқаралық спортпен шұғылдануға арналған кешен ашылды. Бұл ауыл тұрғындары үшін ұзақ күткен сәт болды. Батыс Қазақстан облысының Дариян ауылында бой көтерген ғимарат AMANAT партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Жаңа нысан 150 адамға арналған және барлық заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған: әмбебап ойын алаңы, фитнес, күрес, тренажер, жаттығу залдары, сондай-ақ 150 орындық көрермендер залы бар. Енді ауыл жастары бос уақытын тиімді өткізіп, кәсіби спортқа қадам баса алады.

Бұдан бөлек спорт кешені жергілікті тұрғындардың денсаулығын нығайтуға, балалар мен жастарды салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыруға бағытталған. Ашылу салтанатына ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер қатысты.

Спорт нысаны тек жастар үшін емес, барлық жастағы ауыл тұрғындарына да қолжетімді. «AMANAT» партиясы мен жергілікті әкімдік бірлесіп, ғимараттың құрылыс жұмысы сапалы орындалуына бақылау орнатқан. «Бұл кешен ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартып қана қоймай, қоғамда спортқа деген қызығушылықты арттырып, дарынды жастардың кәсіби спортқа қадам басуына жол ашады», – деді партияның облыстық филиалының төрағасы Мұрат Мұқаев.

**Е.КЕБЕКБАЙ**
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## ОҢ ҚАДАМ

Астанадағы ҚР Президенттік орталығы қабырғасында IX халықаралық «Astana Eurasian Book Fair – 2026» кітап көрме-жәрмеңкесі ашылды. Бұл – тек мәдени шара ғана емес, кітап оқуды ұлттық деңгейде насихаттауға бағытталған ірі рухани алаң екені сөзсіз.

# КІТАП КӨРМЕСІ – ҰЛТ ОҚЫРМАНЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ






Көрменің ашылуы Ұлттық кітап мерекесімен тұспа-тұс келіп, оның мазмұнын бұрынғыдан да тереңдете түсті. Бұл маңызды күн Мемлекет басшысының бастамасымен үшінші Ұлттық Құрылтайдың негізгі сессиясында жастар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту және кітапқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында белгіленген болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «оқитын ұлт қана озық ойлы ұлтқа айналады» деген идея көрменің басты өзегіне айналғандай.

Көрменің ашылуында сөз сөйлеген Мәдениет және ақпарат вице-министрі Рустам Али кітап оқудың стратегиялық маңызын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде ел көлемінде Ұлттық кітап күні аясында онкүндік ұйымдастырылып, 100 мыңға жуық іс-шара өткізілуде. Бұл – кітап мәдениетін қоғамның барлық тобына жеткізуге бағытталған жүйелі жұмыс. Озық ойлы ұлт болудың ең қысқа жолы – кітап оқу. Сондықтан біз қоғамда оқу мәдениетін барынша орнықтыруымыз керек. Сондай-ақ ол биылғы көрме 20 мыңнан астам кітапты қамтып, 100-ге жуық іс-шара өтетін ірі интеллектуалды алаңға айналғанын жеткізді. Ұлттық кітап күні аясында еліміздің барлық аймақтарында он күндік кітап апталығы өтті. Апта ішінде оқу мәдениетін дамытуға және халықтың интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған шамамен 100 мың іс-шара ұйымдастырылады. Көрме аясында осымен тоғызыншы рет өтіп жатқан жәрмеңкені Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Астана қаласы әкімдігінің және Qazaq шығармашылық салаларын дамыту қорының қолдауымен Фолиант баспасы ұйымдастыруда. Мұнда министрліктің арнайы павильоны да бар. Онда үкіметтік келісімшарттар мен стратегиялық серіктестіктер арқылы жарық көрген кітаптар көрмесі, түрлі презентациялар және шығармашылық салаларға бағытталған іс-шаралар өтеді.

Көрме тұсаукесерінде халықаралық ынтымақтастық мәселесі де кеңінен қозғалды. Түркияның Мәдениет және туризм министрлігі өкілдерінің бірі Абдулсамет Таш бауырлас елдер арасындағы әдеби байланыстың маңызын ерекше атап өтті. Ол Қазақстанды зор құрметпен «ата жұрт» дей келіп, түрік делегациясының бұл көрмеге ерекше ықыласпен келгенін жеткізді. Түркия ұлттық стендінде мыңға жуық кітап ұсынылыпты. Абдулсамет Таш өз сөзінде TEDA бағдарламасына да тоқталды. Оның айтуынша, осы шара аясында 2005 жылдан бері 4599 шығарма 99 елде оқырманға жол тартқан. Қазақстан бұл жобада ерекше орын алып отыр екен. Сонымен қатар, ол қазақ және түрік балалар әдебиеті, ортақ тарихи тұлғалар, баспа саласындағы тәжірибе алмасу бағытында бірқатар бірлескен шаралар өтетінін атап өтті.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен елордадағы кітап оқу мәдениетінің дамуына тоқталды. Оның келтірген мәліметіне қарағанда соңғы үш жылда қаладағы кітапханалар саны 18-ден 25-ке дейін өскен. Сонымен қатар, бұрынғы кітапханалар толық жаңғыртылып, жастарға арналған заманауи коворкинг орталықтарына айналыпты. Байкен мырза «Кітап оқуды әдетке айналдырған адам өмірде ұтады», – деп сөзін түйіндей келе бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді. Мұның бәрі кітапханалардың тек кітап сақтау орны емес, заманауи интеллектуалды кеңістікке айналып келе жатқанын көрсетеді.

Көрменің рухани салмағын арттырған – зиялы қауым өкілдерінің сөзі болды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Ғалым Жайлыбай кітаптың адамзат өркениетіндегі орнын ерекше тебіреніспен жеткізді. Ол өз сөзінде шығыс ойшылы Әлішер Науаи мен қазақтың көрнекті жазушысы Әбіш Кекілбаев пікірлерін мысалға келтірді. «Адамды адам еткен – кітап, адамзатты адам еткен – кітапхана», – деген ойдың мәңгілік құндылық екенін атап өтті. Сондай-ақ ол бұл көрмені «мейірім мен парасаттың, үміт пен армандардың мерекесі» деп бағалады.

Биылғы көрмеге 80-нен астам компания қатысып, Қазақстанмен қатар Түркия, Қытай, Испания, Ұлыбритания және басқа елдердің баспалары өз өнімдерін ұсынуда. Көрме аясында жаңа кітаптардың тұсаукесері, авторлармен кездесулер, әдеби пікірталастар, автограф-сессиялар өтуде. Бұл – кітаптың тек өнім емес, мәдени құндылық екенін тағы бір дәлелдейді.

Таныстырылымы жоспарланған басылымдар қатарында Түркия Мәдениет және туризм министрлігінің қолдауымен шыққан «Түрік асханасы» кітабы, Бекарыс Шойбековтың «Айтыстың алтын айдар Бекарысы» айтыстар жинағы, Маржан Ершудың «Жалғыз қол» поэмасы, «Елдос Сметов. Төзім. Сенім. Жеңіс» («Замандастар» сериясы), Ерлан Кожабаевтың «Қазақ ою-өрнектері» фотоальбомы, Анджей Сапковскийдің «Ведьмак» фэнтези туындысы, Ұларбек Далейдің «Бату хан» тарихи романы, Алишер Рахаттың «Иесіз көлеңке», Хавьер Мороның «Үміт сапары», Эрнест Хемингуэйдің «Шыңырауға кім үшін қоңырау соғылады», Расмия Сабирдің «Әйел-өлең», Байыт Қабанұлының «Моңғол-өлең», Нұрсұлтан Мықтыбайдың «Ақ Жайықтың көз жасы» кітаптары, сондай-ақ «Түркістан – мәңгі әрі әрдайым жаңа» және «Димаш Құдайберген. Шексіз музыка» атты кітап-альбомдар бар.

Дәстүрлі «Astana Eurasian Book Fair – 2026» – Қазақстандағы кітап мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды бастама. Бұл көрме қоғамға кітап – тек білім көзі емес, ол ұлттың болашағын айқындайтын рухани бағдар екендігін ұғындырады. Оқырман қалыптастыру – уақыт талабы. Ал, мұндай ауқымды шаралар сол мақсатқа бастайтын нақты қадам екені сөзсіз.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**
**«Заң газеті»**

## КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ

Мемлекеттік саясаттың өзегіне айналған «Нөлдік төзімділік» сондай-ақ, «Заң және тәртіп» қағидаларының іс жүзінде жүзеге асырылуы өз кезегінде құқық қорғау органдарына деген сенімді нығайтуға да оң ықпал етіп отыр.

# ШЕТЕЛДІКТЕР ДЕ ЗАҢДЫ САҚТАУҒА МІНДЕТТІ



Қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек жекелеген оқиғаларға әрекет етумен шектелмейді. Бұл – жүйелі бақылау, талдау және алдын алу шараларының да жиынтығы. Осы тұрғыда Түркістан облысы Полиция департаментінің көші-қон қызметі басқармасының 2026 жылдың алғашқы тоқсаны бойынша қорытындысы ерекше назар аудартады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, алғашқы үш айдың өзінде ғана облыста 7 584 шетелдікке уақытша тұруға рұқсат рәсімделіп, 166 азаматқа виза берілген. Бұл – өңірдің туристік және инвестициялық тартымдылығының артып келе жатқанын айғақтай түседі. Алайда, сонымен қатар көші-қон заңнамасын бұзу фактілерінің де азаймағаны байқалады. Атап айтқанда, заңды белден басқан 7 749 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Олардың ішінде 1 048 шетелдік елімізде болу тәртібін бұзса, 467 қабылдаушы тарап өз міндеттерін тиісінше орындамаған болып шықты. Сондай-ақ 102 дерек бойынша шетелдік жұмыс күшін заңсыз пайдалану фактілері тіркелген. Сот шешімімен Қазақстанның заңнамаларын бұзған 579 шетелдік ел аумағынан шығарылған. Бұл көрсеткіштер құқық қорғау органдарының заң талаптарын бұлжытпай орындауға бағытталған қатаң әрі жүйелі саясат жүргізіп отырғанын айқын көрсетеді.

Мұндай нәтижелер «нөлдік төзімділік» қағидатының тек қағаз жүзінде ғана емес, нақты іс арқылы жүзеге асып жатқанын дәлелдейді. Яғни, ұсақ құқық бұзушылықтан бастап, көші-қон саласындағы күрделі заң бұзушылықтарға дейін ешбір дерек назардан тыс қалмайды. Бұл өз кезегінде құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді құралына айналып отыр.

– «Заң және тәртіп» нормативі – бұл тек құқық қорғау органдарының ұраны ғана емес, қоғамның өмір сүру философиясына айналуы тиіс қағида. Түркістан облысында осы бағытта халықпен кері байланыс орнату, түсіндіру жұмыстарын күшейту, құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Әсіресе, мемлекеттік тілде ақпараттық сүйемелдеудің күшеюі – тұрғындардың құқықтық ақпаратқа қолжетімділігін арттырып, заң талаптарын түсінуді барынша жеңілдетеді,– дейді Түркістан облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі.

«Қауіпсіз қоғам» жобасы аясында қолға алынған бастамалар да көп ұзамай-ақ өз нәтижесін бере бастаған. Қоғамдық орындардағы бейнебақылау жүйелерінің кеңеюі, патрульдік қызметтің күшеюі, цифрлық технологияларды енгізу – мұның барлығы қауіпсіздік деңгейін жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік беріп отыр. Жоғарыда аталған турист балаға қатысты оқиға – осы цифрлық және жедел басқару тетіктерінің тиімділігін нақты дәлелдеген мысалдардың бірі екені даусыз.

Жалпы, құқық қорғау органдарына деген сенім – кез келген құқықтық мемлекеттің басты капиталы. Өйткені, сенім бар жерде – ашықтық, әділдік пен заңға деген құрмет қалыптасады. Түркістан облысында жүргізіліп жатқан жұмыстар осы сенімді нығайтуға бағытталған. Азаматтардың полицияға дер кезінде жүгінуі, ал полицияның жедел әрі кәсіби түрде әрекет етуі – бұл өзара сенімнің нәтижесі.

Бұл орайда ел ішінде көшбасшы аймақтардың қатарына ілінген өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы да құқықтық тәртіппен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Өйткені, аймақтың гүлденуіне өздерінің сүбелі үлесін қосып жатқан инвесторлар мен туристер үшін ең маңызды факторлардың бірі – қауіпсіздік болатыны рас. Мұндай тұрақты дамуға тек заң үстемдігі қамтамасыз етілген, құқықтық тәртіп орныққан аймақ қана қол жеткізе алмақ. Бұл тұрғыда Түркістан облысы құқықтық саясатты экономикалық даму факторы ретінде тиімді пайдаланып отыр.

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ**
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

## ҚАЗЫНА

# ОРТАҚ МАҚСАТҚА ЖҰМЫЛДЫРАТЫН КҮШ

Мемлекеттік тіл – кез келген тәуелсіз елдің ең басты тірегінің бірі. Ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың рухани байлығы, мәдениеті мен тарихының айнасы.

Қазақ тілі – ғасырлар бойы қалыптасқан, ұлттың дүниетанымын, салт дәстүрін, рухани құндылықтарды бойына сіңірген қасиетті тіл. Бұл тіл арқылы, ата-бабаларымыз өз ойларын жеткізіп, ұрпаққа мол мұра қалдырды. Бүгінгі таңда сол мұраны сақтап, әрі қарай дамыту – әрбір азаматтың міндеті.

Мемлекеттік тіл қоғамдағы бірлікті нығайтады. Бір тілде сөйлейтін халықтың арасында түсіністік пен ынтымақ болады. Тіл – адамдарды жақындастыратын, ортақ мақсатқа жетелейтін күш. Егер қоғам мүшелері мемлекеттік тілді еркін меңгерсе, онда ел ішіндегі байланыс күшейіп, элеуметтік тұрақтылық артады.

Сонымен қатар, мемлекеттік тіл білім мен ғылымның дамуына да ықпал етеді. Ана тілінде білім алған адам өз ойын еркін жеткізе алады, терең ойланып, жаңа идеялар ұсына алады. Бұл өз кезегінде елдің интеллектуалдық әлеуетін арттырады. Қазіргі заманда қазақ тілінің ғылым, технология, бизнес салаларында кеңінен қолданылуы – оның болашағының жарқын екенін көрсетеді.

Мемлекеттік тіл – ұлттық бірегейліктің негізі. Тілін жоғалтқан халық өзінің мәдениеті мен тарихынан алыстайды. Ал тілін сақтаған ел – өз болмысын сақтайды. Сондықтан қазақ тілін дамыту – тек тіл мамандарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір отбасы, әрбер мектеп, әрбір ұйым мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге үлес қосуы тиіс.

Мемлекеттік тілді дамыту бағытында көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Қазақ тілінде білім беру жүйесін жетілдіріп, түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыс ешқашан тоқтамауы керек. Әсіресе жастардың тілге деген қызығушылығын арттыру – аса маңызды мәселе.

**Бауыржан БЕКЕНОВ,**
**Жамбыл облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы**

## ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

# ЖАЙЛЫ МЕКЕН

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Алматы облысындағы өмір сүруге ең қолайлы жер – Жамбыл ауданы. Яғни, мұнда азық-түлік қоржынына кіретін негізгі тауарлар және азық-түлікке кірмейтін тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын өзге аймақтарға қарағанда біршама төмен.

Алғашқы тоқсанда өңірдегі жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі 67 555 теңге болды. Ал бұл көрсеткіш Жамбыл ауданында – 63379 теңгені құрап отыр. Күнкөрістің ең төменгі деңгейі Балқаш (65258 тг), Райымбек (65992 тг), Еңбекшіқазақ (66074 тг) аудандары мен Қонаев қаласында (66455 тг) және Іле (67262 тг) ауданында да өңірдегі орташа көрсеткіштен төмен.

Азық-түлік қоржынына кіретін негізгі тауарлар, азық-түлікке кірмейтін тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыс Алматы облысында Талғар (69837 тг ), Қарасай (69597 тг), Кеген (67941тг), Ұйғыр (67756 тг) аудандарында ғана жоғары болып отыр. Талғар мен Қарасай аудандарындағы жағдайға еліміздегі ең үлкен мегаполис саналатын Алматы қаласымен шекаралас жатуы ықпал етіп отырғаны анық. Ал Кеген мен Ұйғыр аудандарындағы жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің облыстағы орташа көрсеткіштен жоғары болуына басқа жайттер түрткі болуы мүмкін. Өйткені облыс орталығынан ең шалғайда жатқан Райымбек ауданында оның деңгейі бұлардан әлдеқайда төмен. Біздің ойымызша, күнкөрістің ең төменгі деңгейіне негізгі азық-түлік пен оған жатпайтын тауарлардың жергілікті жерде өндірудің әсері бар. Бұл туралы Мемлекет басшысы да былтырғы жолдауында: «Әр аймақта дайын өнімді өндірістен дүкен сөресіне дейін жеткізетін әрбір өңірдің ерекшелігіне қарай біртұтас желі қалыптасуы керек. Көптеген аймақта өндірістің барлық сатысын қамтитын үздік агрокәсіпорындар бар. Оларды жұртшылық жақсы біледі. Бұл кәсіпорындар цифрландыру тәсілдерін жаппай енгізу арқылы өндірістің тиімділігін әлдеқайда арттыруда. Үздік агрокәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап оны терең өңдеуге дейін тұтас өндірісті толығымен жолға қойып, зор табысқа жетіп отыр. Сондықтан осындай агрохолдингтердің тәжірибесін тарату үшін барынша жағдай жасаған жөн. Бұл – құзырлы министрліктің және қоғамдық ұйымдардың міндеті. Мұндай қадам инновациялар мен ғылыми жаңалықтарды ауыл шаруашылығына кеңінен қолдануға мүмкіндік береді» деген болатын.

Жалпы, әдіснамалық түсініктеме бойынша, күнкөрістің ең төмен деңгейі ең төменгі деңгейдегі тұтыну қоржынына тең бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай табыспен өлшенеді. Ал ең төменгі тұтыну қоржыны заттай және құндық тұлғанудағы тауарлар мен қызметтердің ең аз жиынтығы. Ол азық-түлік қоржынынан және азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтердің шығыстарынан тұрады. Азық-түлік қоржынына ет, балық, сүт, май, нан, жұмыртқа, қант, шәй, жемістер және көкініс түрлерімен қатар 43 тамақ өнімі кіреді. Ал азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге шығыстар үлесі күнкөрістің ең төменгі деңгейі есептеу үшін ең төменгі тұтыну қоржыны құнының 45 пайызы мөлшерінде белгіленген.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ**
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

## АЛТЫН ҚАЗЫҚ

# РУХАНИ ТІРЕК

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі, ұлттық болмысы мен рухани байлығының қайнар көзі. Тіл – ұлттың жаны, жүрегі, тарихы. Халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, мәдениеті осы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең бай, ең көркем тілдердің бірі.



**Н.МАХАЕВА,**
**Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің жетекші маманы**

Бүгінгі таңда қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Ата Заңымызда әрбір азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі міндет екені нақты жазылған. Ел Президенті де өз сөздерінде қазақ тілінің мерейін өсіріп, оны дамыту жолында нақты тапсырмалар беріп келеді. Мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілінде білім беру кеңеюде. Сонымен қатар, мемлекеттік мекемелерде іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіліп, БАҚ-та кеңінен қолданыла бастады. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі еліміздің бірлігін, тәуелсіздігін нығайтуда үлкен рөл атқарады. Тіл арқылы ұрпақ тәрбиеленіп, ұлттық сана қалыптасады.

Тіл – ұлтымыздың рухани тірегі. Өз тілімізді білу – өзімізді тану, түп тамырымызды құрметтеу. Бүгінгі ұрпақ қазақ тілін заманауи деңгейде меңгеріп, оны әлемге танытуы тиіс. Себебі тілдің тағдыры – елдің тағдыры.

Қазақ тілін құрметтеу – елге деген құрмет. Әрбір қазақстандық ана тілін біліп, еркін сөйлеп, болашақ ұрпаққа жеткізуге атсалысуы қажет. Себебі, тіл – елдіктің, бірліктің және тәуелсіздіктің басты тірегі. Тіл жоғалса, ұлт та жойылады. Сондықтан қазақ тіліне қамқор болу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

## АҚИЫҚ

# МҰҚАҒАЛИ ПОЭЗИЯСЫ - ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ МӘҢГІЛІК МҰРАСЫ

Мұқағали Мақатаев – қазақтың поэтикалық санасын жаңғыртқан, ұлттық өлеңнің табиғатын жаңа деңгейге көтерген, сөз өнерінің қайталанбас құдіретін айқын танытқан ақын. Оның шығармалары тек қазақ әдебиетінде ғана емес, жалпы ұлттық руханияттың дамуында шешуші рөл атқарған көркем мұра болып саналады.



Ақын поэзиясының негізгі күші – шынайылық пен адам жанының тереңдігін дәл, әсерлі жеткізуінде. Мұқағали жыры – жалған пафосқа, жасандылыққа қарсы қойылған табиғи, жүректен шыққан ағыс. Ол адамның ішкі әлемін, көңіл түкпіріндегі сезімдерді, өмірдің өткіншілігі мен мәңгілігі туралы толғаныстарды ерекше нәзіктікпен ашады. Қазақтың қара өлең дәстүрін XX ғасырда жаңа тыныспен жалғаған ақын ретінде Мұқағалидың әдебиеттегі орнын ешкім алмастыра алмайды.

Ақын шығармашылығының басты ерекшелігі – сөздің ұлттық рухтағы табиғи болмысын сақтай отырып, поэзияны философиялық тереңдікке жеткізуінде. Мұқағали поэзиясы – заманның тынысын, қоғамның күйін, адамның тұлғалық ізденісін қатар бейнелейтін кең арналы дүние. Оның өлеңдерінде табиғатқа сүйіспеншілік, туған жерге махаббат, адам мен тағдыр арасындағы күрделі байланыстар, өмірдің мәні, махаббаттың қасіреті мен қуанышы, уақыт, жалғыздық секілді ұғымдар өте көркем бейнеленген. Ақын үшін поэзия – тек сөз емес, жанның дауысы. Оның әрбір өлеңі жүректен шығып, жүрекке жетеді.

Мұқағали поэзиясының ең қуатты арналарының бірі – махаббат лирикасы. Оның махаббат туралы жырлары жасандылықтан ада, сезімге толы, бірақ трагедиялық реңкке ие. Ақын махаббатты тек қуаныш немесе шаттық күйінде ғана емес, оның терең қасіретін, жан азабын, сағынышын, жалғыздығын бірге суреттейді.

Ақын өлеңдерінде туған жер тақырыбы ерекше орын алады. Жер, ел, табиғат – Мұқағали үшін тек сыртқы көрініс емес, адамның жанымен біте қайнасқан орта. Оның табиғат лирикасында қазақ даласының көркем суреттеріне қоса, табиғаттың адам жанына әсері, тіршіліктің мәңгілігі мен адамның өткіншілігі терең оймен астасады. Табиғаттың әрбір құбылысын ақын жанымен қабылдап, оны сезімдік образдарға айналдырады. Жел, тау, өзен, аспан, бұлт – бәрі де Мұқағали поэзиясында сөйлеп тұрғандай әсер қалдырады. Табиғатқа сүйіспеншілік арқылы ақын өзінің рухани әлемін, сағынышын, қуанышын, мұңын жеткізеді.

Ақын өлеңдерінде өмір философиясы кең көрініс табады. «Мен таулықпын», «Өмірдастан», «Қош, махаббат!» секілді туындыларында уақыттың сырғуы, адамзаттың өткінші табиғаты, бірақ рухани мұраның мәңгі қалатыны туралы басты ойлар айқындалады.

Мұқағалидың әдебиеттегі орны оның шығармаларының тереңдігімен, ұлттық рухты дәріптеуімен, адам жанын дәл бейнелеуімен ерекшеленеді. Ол поэзияны психологиялық, философиялық биік деңгейге көтеріп, лириканы жаңа белеске шығарды. Қазақ әдебиетінде талай ақын болғанымен, Мұқағали Мақатаев поэзиясы – өз кезенінің ғана емес, бүкіл қазақ руханиятының мәңгілік мұрасы. Оның өлеңдері уақыт өткен сайын жаңарып, жаңа ұрпаққа әсер ете береді. Себебі ақын жыры – адамзаттық құндылықтарға, махаббатқа, ізгілікке, шынайыққа негізделген. Уақыт өзгергенімен, бұл құндылықтар өзгермейді.

**Аққөркем МҰХАНБЕТҚЫЗЫ,**
**Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы**

# ТАРАТУ

4. «Тау Тенгри» ЖШС (БСН 180440029403) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Райымбек ауылдық округі, Долан ауылы, Самал көшесі, 1А үй.

5. «Сантехник-Плюс» ЖШС (БСН 990640004751) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Д.А.Қонаев атындағы даңғыл, 11-ғимарат, тел. +7 777 272 72 54.

6. «Асыл Ресорсес» ЖШС (БСН 140840011577) (ҚР, Алматы қаласы, 050000, Бостандық ауданы, Нұр Алатау шағынауданы, Еркеғали Рахмадиев көшесі, 21-үй), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, A25M8P5, Медеу ауданы, Елебеков көшесі, 10-үй, «VENUS» БО, блок 2. Тел. +7 708 209 38 68.

10. «ДАТ security» ЖШС (БСН 151240014099) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Стрельца көшесі, 7-үй.

12. «Несие» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Аяжан-2014» серіктестігі (БСН 140940008670) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Әбілқайыр хан көшесі, 45, тел. 8 775 515 14 74.

13. «Атамекен-77» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 170640033695) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ. Пірімов көшесі, №14 үй, тел. +7 708 349 0611.

15. «Repair of medical equipment Company» ЖШС (БСН 200940011504) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Орбита-2 шағынауданы, 8-үй, 5-кеңсе. Тел. +77017381383.

16. «Нұрлы Болашақ Атырау» ЖШС (БСН 140740028220) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, С.Бейбарыс даңғылы, 19, индекс 060011. Тел. 8 701 277 05 75.

17. «Jania Stroi Snab» ЖШС (БСН 210740012656) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды (21.11.2025 ж. №1 шешім). Кредиторлардың талап-тілектері екі ай ішінде қабылданады. Мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Өтенай ауылы, Шевченко көшесі, 18. Тел. +7 701 9187890.

18. «Нұрислам» бөбекжай-бақшасы» жеке мекемесі (БСН 160840024522) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ә.Шегебай ұлы, 2. Тел. 87051364303.

19. «Үміт-ПМК» үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің кооперативі (БСН 110940018780) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есиль ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 11-үй.

20. «Shahar Capital» жеке қоры (БСН 190740024930) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Самал шағын ауданы, 12-ғимарат, 5-қабат, тел. 870163911099.

26. «Темир Газ KZ» ЖШС (БСН 150440026841) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Мира 1 көшесі.

27. «КГС» ЖШС (БСН 070440010628) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Мира 1 көшесі.

# МҰРАГЕРЛІК

2. 28.01.2026 ж. қайтыс болған Сейдахметов Махмұт Ахметұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

3. 7.01.2025 ж. қайтыс болған Баймаганбетов Алмаганбеттің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

14. 2026 жылғы 10 ақпанда қайтыс болған Рахманқұлов Мұстахим Беделхановичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлерге нотариус Г. Сепбайқызына келесі мекенжай бойынша жүгіну қажет: Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 181 Б. Тел. 8 708 067 54 57.

# ӘРТҮРЛІ

7. «Тас-Тенгри» өндірістік фирмасы» ЖШС (БСН 091040000266) жарғылық капиталдың 598 000,00 теңгеге азайтылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050016, ҚР, Алматы қаласы, Грибоедов көшесі, 70-үй. Тел. +7 705 911 44 66.

8. «PaintingScaffoldingInsulation Services» ЖШС қатысты (БСН 110340001873) Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 20.04.2026 ж. ұйғарымымен оңалту рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс қозғалды.

9. Алматы қаласының Түрксіб аудандық соты Қазақстан Республикасы азаматы 1979 жылғы 14 сәуірде туған, ЖСН 790414303701 Амирханов Магомед Мурадовичті қайтыс болды деп жариялау туралы Бачалова Лемка Сафарбековнаның арызы бойынша азаматтық істі қарауда. Соңғы белгілі тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Майлин көшесі, 72-үй, 64-пәтер. Амирханов Магомед Мурадовичтің қайда екендігі туралы білетін немесе ол жөнінде қандай да бір мәліметі бар барлық тұлғалардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде бұл туралы Алматы қаласының Түрксіб аудандық сотына немесе өтініш берушіге хабарлауы сұралады.

21. «Jet Finance» МҚҰ» ЖШС 2026 жылғы «16» сәуірден бастап Д.К. Блялеваның атына берілген №31, 35, 36, 37, 38, 40 сенімхаттардың кері қайтарып алынатыны туралы хабарлайды.

22. Стамбулдан Анадолы 21-ШІ ОТБАСЫЛЫҚ СОТТАН/ТӨРАҒАЛЫҚТАН
ФАЙЛ № 2019/835 Негізгі
ЖАУАПКЕР: ОЛЬГА СОКОЛОВА (Olga Sokolova)-Қазақстан азаматы, Вячеслав пен Натальяның қызы, 08.07.1985 ж. туылған,
Талапкер тарапынан Сізге қарсы қозғалған «Неке бұзу» (ерлі-зайыптылық одағының бұзылуына байланысты) Ажырасу (Даулы ажырасу) сот ісі бойынша сот талқылауында;
Біздің соттымыз тарапынан берілген сот арызында Көрсетілген шетелдік мекенжайыңыз жеткіліксіз екендігі. Мекенжайды зерттеу және Хабарландыру Туралы Сұрату Хаты арқылы жүргізілген мекенжай бойынша іздеулерден нәтиже шықпағандықтан, сотқа талап-арыз берілді. Сот арызы және хабарландыру протоколының жариялау арқылы көпшілікке хабарлансын деп шешім қабылданды.
Талапкер өз өтінішінде қорытындысында; Жауапкер өзіне тағылған айыптардан кейін 2006 жылы елден шығып, өз елі Қазақстан-ға кеткені және одан 13 жыл бойы хабар алмағаны да сондықтан осы себептен. Ажырасу туралы шешімді талап етіп, сұрады.
Сот ісі Тәртіптік протоколында қысқаша түрде: бұл неке бұзу (Ажырасу) туралы сот ісі екендігі, Жазбаша сот тәртібімен қаралатыны айтылғаны белгілі болды.
Тарапыңызға осы аталған жармялау хабарланыдыру жарияланған күннен бастап 7 күндік мерзім нақты өткеннен кейін сот арызы пен сот ісі Тәртіптік протоколының хабарланған болып есептелетіні ескертіледі;
Сот арызға қарсы сот арызының Сізге хабарландыру орындалғаннан кейін екі аптаның белгілі бір мерзімі ішінде жауап арызы бере аласыз, Егер сіз жауап беру туралы жауап арызы ұсынбаған жағдайда, сіз талап арыздың мазмұнынан бас тартты деп есептелетініңізді; осымен ескертілуде,
Осы жайында, Сот арызы мен Сот ісі Тәртіптік протоколының Хабарландырудың орнына жарамды болуымен жариялаумен хабарландыру арқылы хабарландыруға болып табылады.

11. «Микро-Займ» микроқаржы ұйымы» ЖШС (БСН 160940015577) өзінің атауының өзгергені туралы хабарлайды. Компанияның жаңа атауы – «PRO Финанс» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Заңды мекенжайы: ҚР, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Төлеген Айбергенов көшесі, 1-үй, 64 н.п.

**23. ДИЯРБӘКІРДЕН 7-І АЗАМАТТЫҚ СОТТЫНАН**
**НЕГІЗ №: 2017/455**
**АЙЫП АЛУШЫ:** ФАРУК ТЕКАЙ-29932478060, Байзакова Кд. №:4/129 Алматы қ.
Талапкер ЖАППАРАТТЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ӘКІМШІЛІГІНІҢ Сізге қарсы қозғаған
Иеліктен шығару (анықтау және тіркеу) ісі бойынша шешімінде;
Сіздің мекенжайыңызды сотымыз анықтай алмағандықтан, дәлелді шешім мен апелляциялық шағымды жариялау туралы шешім қабылданды.
**ҚАБЫЛДАУ:**
1-ІСТІ ҚАБЫЛДАУ,
Диярбакыр облысы, Сур ауданы, Алипаша төңірегі, Атешоғлу елді мекенінде орналасқан №260 блок 31 жылжымайтын мүлік учаскесіндегі жауапкерлер мен олардың мұрагерлерінің атына тиесілі үлестерге қатысты АКТИМЕНТ ТІРКЕЛІСІН ЖОЮ және жылжымайтын мүлікке ТІРКЕЛУ және ТІРКЕЛУ. талапкердің,
Экспроприация құнын 156.212,37 TL ретінде анықтау үшін,
Іс 4 ай ішінде аяқталмағандықтан, № 2942 иеліктен шығару заңының 10-бабына сәйкес, Диярбакырдың жедел экспроприация файлында жедел тәркілеу жарнасы ретінде банкке салынған 115.238,60 лира шегерілгеннен кейін 2016/110 D.İş нөмірімен 3-ші Азаматтық істер жөніндегі бірінші сатыдағы соттың заңды мүддесі 24.06.2017 жылдан бастап шешім шығарылған күн болып табылатын 02.11.2021 жылға дейін қалған 40.973,77 TL-ге қолданылады.
Шешімнің аяқталуын күтпестен, Vakıflar Bankası Диярбакыр филиалына ордер жазу арқылы анықталған экспроприация сомасының Диярбакыр 3-ші Азаматтық сотының жедел экспроприация файлында сақталған бөлігін шегеріп, жауапкерлерге дереу төлеуді сұрайды.
2016/110 D.İş және сотталушыларға төленген,
Шешімнің аяқталуын күтпей-ақ, жер кадастрлары басқармасына жазбаша хат жазу, дәлелді шешімді, ғылыми сараптама қорытындысын және оған қоса берілген эскизді қосу арқылы қажетті тіркеу рәсімдерін жүргізуді талап ету,
Егер жылжымайтын акция бойынша кепіл және ипотекалық жазбалар болса, бұл жазбалар тиісті акция үшін анықталған экспроприация бағасында көрсетіледі,
2-Қазынаға, талап етілетін 59,30 лира алымынан алдын ала төленген 31,40 лира шегеріліп, талап қоюшыдан 27,90 лира алымының қалдығы қазынаға төленеді.
3- 23/10/2018 күнгі Еуропалық Адам құқықтары сотының шешімі 12055/17 нөмірлі өтініш пен Конституциялық соттың 2016/9364 өтінішпен шешімі және 01 күнгі Ресми газетте жарияланған. /06/2019 ж. және № 30791 да қаралды. Талапкер әкімшілігінің пайдасына адвокаттық гонорарды өндіруге орын жоқ екенін ескере отырып,
4- № 4650 Заңымен өзгертілген № 2942 Заңының 29-бабына сәйкес талапкер қалдыру,
5- Өздерін сенімді өкіл арқылы ұсынатын жауапкерлер атынан AAÜT анықтайтын 4.080,00 TL адвокаттық ақысы талапкерден алынады және жауапкерлерге беріледі,
6- Шешім аяқталғаннан кейін сот талқылауы кезінде тараптар депозитке салған аванстық шығындарын қалған сома, ХМК м. 333 және АІЖК-нің бабы. 47(1) ережелеріне сәйкес тиісті тұлғаға ҚАЙТАРУ,
Ал кейбір жауапкерлердің адвокаттарымен салыстырғанда, талапкердің адвокаты және басқа жауапкерлер болмаған жағдайда шешім тіркеу бойынша түпкілікті болып табылады және баға бойынша беріледі. Оның ережелеріне сәйкес, дәлелді шешім хабарланған күннен бастап (2 апта) мерзім ішінде Диярбакыр облыстық сотының Азаматтық істер жөніндегі алқасына өтініш беру арқылы шағымдануға болатыны туралы шешім қабылданды. Біздің Сотқа немесе басқа жердегі Сотқа өтінішпен және барлық қажетті алымдар мен шығындарды төлей отырып.Аң аулау . Байрам КАЧАР 21.01.2022 жылы шағымданған хабарламаны ауыстыру туралы хабарлайды.
Сіз бұл құжатқа UYAP ақпараттық жүйесінде http://vatandas.uyap.gov.tr adresinden hzRr+J/-H03yJYU - r+XBkGz – 5m9QTE= арқылы қол жеткізе аласыз.

**24. Т.Р.**
**ДИЯРБАКІРДЕН 7-І АЗАМАТТЫҚ СОТЫНАН**
**НЕГІЗ №:** 2017/465
**АЙЫП АЛУШЫ:** ФАРУК ТЕКАЙ-29932478060, Байзакова Кд. №:4/129 Алматы қ.
Талапкер ЖАППАРАТТЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ӘКІМШІЛІГІНІҢ Сізге қарсы қозғаған иеліктен шығару (анықтау және тіркеу) ісі бойынша шешімінде;
Біздің сот дәлелді шешімді және апелляциялық шағымды жария ету туралы шешім қабылдағаны белгілі болғандықтан, біздің соттың 11.02.2021 жылғы қысқаша шешімін;
**ҚАБЫЛДАУ:**
1- Сотталушы Рамазан Чаканың негізгі істен бас тартуы,
Негізгі талап арызды және басқа жауапкерлерге қатысты бірлескен іс-әрекетті ҚАБЫЛДАУ,
Диярбакыр облысы, Сур ауданы, Алипаша төңірегінде, Атешоглу-Симар елді мекенінде орналасқан №20078 жылжымайтын мүліктегі №20078 жер учаскесіндегі жауапкерлер мен олардың мұрагерлері атына тиесілі үлестерге қатысты АКТИМЕНТ ТІРКЕЛІСІН ЖОЮ және ТІРКЕЛУ және талапкердің атындағы жылжымайтын акциялардан,
Экспроприация құнын 612.888,72 TL ретінде анықтау үшін,
Іс 4 ай ішінде аяқталмағандықтан, № 2942 иеліктен шығару заңының 10-бабына сәйкес, Диярбакырдың жедел экспроприация файлында жедел тәркілеу жарнасы ретінде банкке салынған 487.496,85 лира шегерілгеннен кейін 201/125 D.İş нөмірлі 6-шы Азаматтық істер жөніндегі бірінші инстанция сотының заңды мүддесі қалған 125.391,87 TL-ге 24.06.2017 жылдан бастап шешім шығарылған күн болып табылатын 02.11.2021 жылға дейін қолданылады.
Шешімнің аяқталуын күтпестен, Vakıflar Bankası Диярбакыр филиалына ордер жазу арқылы анықталған экспроприация сомасының Диярбакыр 6-шы азаматтық істер жөніндегі бірінші сатыдағы жедел экспроприация файлында сақталған бөлігін шегеріп, жауапкерлерге дереу төлеуді сұрайды. жоқ 2016/125 Д.Иш және сотталушыларға төлеген,
Талапкер мекеменің артық депозитке салған 108.530,72 TL сомасын, егер бар болса, депозитке салынған Вакыфлар Банкасы Диярбакыр филиалы талапкерге дереу қайтаруы,
Шешімнің аяқталуын күтпей-ақ, жер кадастрлары басқармасына жазбаша хат жазу, дәлелді шешімді, ғылыми сараптама қорытындысын және оған қоса берілген эскизді қосу арқылы қажетті тіркеу рәсімдерін жүргізуді талап ету,
Егер жылжымайтын акция бойынша кепіл және ипотекалық жазбалар болса, бұл жазбалар тиісті акция үшін анықталған экпроприация бағасында көрсетіледі,
2- Қазынаға, талап етілетін 59,30 лира алымынан алдын ала төленген 31,40 лира шегеріліп, талап қоюшыдан 27,90 лира алымының қалдығы қазынаға төленеді.
3- 23/10/2018 күнгі Еуропалық Адам құқықтары сотының шешімі 12055/17 нөмірлі өтініш пен Конституциялық соттың 2016/9364 өтінішпен шешімі және 01 күнгі Ресми газетте жарияланған. /06/2019 ж. және № 30791 да қаралды.Талапкер әкімшілігінің пайдасына адвокаттық гонорарды өндіруге орын жоқ екенін ескере отырып,
4- № 4650 Заңымен өзгертілген № 2942 Заңының 29-бабына сәйкес сот шығындарын талапкерге қалдыру,
5- Өздерін сенімді өкіл арқылы ұсынатын жауапкерлер атынан AAÜT анықтайтын 4.080,00 TL адвокаттық ақысы талапкерден алынады және жауапкерлерге беріледі,
6- Шешім аяқталғаннан кейін сот талқылауы кезінде тараптар депозитке салған аванстық шығындардан қалған сома, ХМК м. 333 және АІЖК-нің бабы. 47(1) ережелеріне сәйкес тиісті тұлғаға ҚАЙТАРУ,
Сотталышу Мехмет Али Карагөзге қатысты, АТ. Бавер Джейханға қарсы, талапкердің адвокаты және басқа жауапкерлер болмаған жағдайда, шешім тіркеу тұрғысынан түпкілікті болып табылады және НМК 341 vd.6100 шешімінде баға бойынша берілген. Оның ережелеріне сәйкес, Диярбакыр облыстық әділет сотының Азаматтық істер жөніндегі алқасына шағымдану арқылы біздің сотқа немесе басқа жердегі сотқа өтінішпен (2 апта) мерзімде шағымдануға болады деп шешілді. дәлелді шешім туралы хабарламадан және барлық қажетті алымдар мен шығындарды төлеуге, KAÇAR, Рамазан ЧАКА-ның адвокаты, жауапкерлердің бірі, Авт. Мехмет ТАШКИРАН мен нақты тұлғасы анықталмаған айыпталушылардың мүддесін қорғауға тағайындалған губернатор Зейнулабиддин ТОПРАКтың адвокаты шағымданды. Авторы Назиф СЕЗГИН Хабарламаны ауыстыру үшін хабарландыру жасалды.
Сіз бұл құжатқа UYAP ақпараттық жүйесінде http://vatandas.uyap.gov.tr сайтынан V1ymgkH-PnvaAKL – L5H2Vm7 – 4SdSH0= арқылы қол жеткізе аласыз.

25. «Энерго Спец Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 100240001362) жауапкершілігі шектеулі серіктестікті бөлу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Асқар Тоқпанов көшесі, 8/2 үй, н.п. 4.

**28. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурсты (бұдан әрі – конкурс) жариялайды.**

Конкурстың өткізілетін орны: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, Министрліктер үйі ғимараты, 5-кіреберіс.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Өтепов көшесі, 1.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: донорлықты дамыту, қан мен оның компоненттерін дайындау, қан компоненттері мен препараттарын өндіру және сақтау, донорлық және трансплантология саласындағы зертханалық зерттеулер, зертханалық зерттеулер үшін пайдаланылатын заттарды өндіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ төмендегі талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

1) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі;

2) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесі;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктеріндегі мүшелігі.

2. Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адам байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайланбайды.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін түрде);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін түрде);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушының өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Құжаттарды қабылдау басталатын күн – мерзімді баспасөз басылымдарына конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күн.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде мына мекенжайға ұсынылуы тиіс: Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы 8, Министрліктер үйі ғимараты, 5-кіреберіс.

Конкурстың өткізілу күні – конкурсқа қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейінгі жұмыс күні.

Үміткердің конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде әңгімелесу өткізіледі.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

**Алматы қаласы**
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99 Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270 e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

## БАЙҚАУҒА

*(Соңы. Басы өткен санда)*

Олар өсе келе көрерміз. Қалада бәрі қымбат», – деп орнынан тұрып кеткен әйелі өзі алған алтынды қайта әкеліп берді. «Мә, мынаны қосып доллар мен алтынды сөмкесімен полицияға апарып тапсыр».

Әрі-бері айтып әйелін көндіре алмаған соң оның айтқанына келіскен сыңай танытты. Бірақ, бір бармағын бүгіп қалды...



# АЛТЫН САЛҒАН ЖАСЫЛ СӨМКЕ

(Детектив)

### Сақтықты ұмыттырған ақша

Түнде жаңбыр жауып өткеннен кейін шаң-тозаң басылып, ауа тазарып қалыпты. Шөптердің басы суланып, жақұттай жарқырайды. Жасыл сөмке жыңғыл түбінде, сол орнында жатыр екен. Сақып жан-жағына біраз қарап еді, күдікті ештеңе байқалмады. Сонда да неге екені белгісіз бойын қорқыныш кернеді. Ішкі түйсігі әлденеден хабар бергендей. Сөмкені қапқа сүңгітті. Жағаға барып, уысына салқын суды толтырып алып сімірді. Бетін жуып еді, бойы сергіді. Қабын арқалап, үйіне беттеді. Жоқ, қолға түскен ақшадан айырылатын бұл нақұрыс емес. Тығып қояды. Ертең қалаға барып, ондағы сыныптасымен аздап тойлап қайтады. Айымгүл ештеңе білмей-ақ қойсын.

Алдынан көршісі Қабатбек шығып жөн сұрады. Осы жігітті Сақып жақтырмайды. Бұл балық әкелген сайын сүмеңдеп келеді де тұрады. Көңілі түсіп, көрші ғой деп олжасының шетінен бере салады. Қабатбекте ұят жоқ, ертесіне тағы келеді. Өзінен ештеңе шықпайды. Көршісі бұған көз тоқтата қарап жайына кетті. Жігіт үйіне келіп ішіндегісін шығарып алған соң жасыл сөмкені қоқыс жәшігіне лақтырды. Алтын мен ақшаны тыққан жерінен алды, мың долларды қалтасына сүңгіте салды. Содан кейін шоланға кіріп құмшекердің ішінде целлофаны бар босаған қабына алтын мен долларды нығыздап тығып, аула ішінен шұңқыр қазып көмді. Үстіне құрғақ топырақ шашып, қазылған шұңқырдың ізін жым-жылас қылды. Үйге кіріп терезеден қарап еді, шұңқыр бұл арадан көрінбейді екен. Демек, қай уақытта келіп алса да, үйдегілер байқамайды.

Ертеңіне қаладағы досы Райбектің туған күніне барды. Екеуі мың долларды теңгеге ауыстырып алған соң біраз тойлады. Қастарында қыздар да болды. Солардың бірі ағыл-тегіл ақша шашып отырған соң мұны шіріген бай деп ойласа керек, желімдей жабысып алып, қасынан қалмады. Өзі көріксіз де емес. Қазақ болғанымен, аты Елена екен. Оның құшағында болған қаладағы түнде Сақып отбасылы адам екенін мүлдем ұмытты. Ақыры мың долларды түгел жұмсап тауысқан соң үйіне оралды. Әлгі қызға бір-екі күннен соң кері оралатынын айтты. Енді қалай еткен күнде де Айымгүлді көндіріп, жиырма мың доллардың қалғанын пайдаға асыруды ойлады. Қаладағы үлкен базарлардың бірінен алтын бұйымдар сататын шағын дүңгіршек ашып, саудаға шықса бір тиыны екеуге айналар еді. Еленаға да барып тұрады. Мұнда не істеп, не қойып жатқаныңды кім біледі, ауыл емес қой. Әуелі тауарды анау Түркиядан, қала берсе Ресейден тасиды. Тығып қойған алтындарын саудалайды. Дүңгіршекте өзі тұрмайды, сатушы жалдайды. Қажетті тауарын жеткізіп беріп отырады. Аптасына бір-екі рет барып, өткенінің есебін алады. Саудаға шыққысы келетінін естіген Айымгүл бастапқыда келіспегенімен:

– Сақтықты есіңнен шығарып алмашы, Сақып,– деді көнген сыңай танытып.

### Саңылау

Абылай Қайсенов көлігімен Бұқарбай жүріп өткен жолды тағы бір рет тексерді. Темір жол өткелінен күдіктіні ұстаған жерге дейінгі аралық бірер шақырым жер екен. Ұрлық болған күннің ертеңіне бұл маңайды жігіттер түгел қарады ғой. Сонда қайда жасырған? Әлде көпірдің үстіне тоқтап, суға лақтыра салды ма? Жаны қысылғанда солай етуі де мүмкін.

Абылай кері айналып көпірдің қасына тоқтады. Көпірге шығып өзенге көз тастады. Төмендегі мөлдір судың бетінде күн сәулесі шашырай ойнайды. Өмірге риза екенін білдіріп, қаңқылдап қойып, балапандарын қастарына ертіп қаздар жүзіп барады. Мұны көріп қасқалдақ қанатымен су сабалап қаша жөнелді. Төбесінен қараған адамды жақтырмағандай сұқсыр үйрек суға сүңгіді. Шаңқылдаған шағала көктен су бойын барлап, жоғарыдан лақтырған тастай өзенге құлдилай құлап, артынша суман еткізіп күміс қабыршағы жарқыраған балықты тістей кері көтерілді.

Жаға бойын ошаған басқанымен, кей жерлері ашық. Инспектор полицей қыздардың күдіктінің осы көпір үстінде Таусоғармен сөйлескенін көргенін айтты. Артынша Таусоғардың қасына екі адам ертіп сол күні өзен бойын түгел қарап шыққанын аңдуға қойған жігіттер жеткізді. Қолдарында қармақтары болғанымен, оны құрмаған. Қармақ құрмаса, ау салмаса жаға бойының саф ауасын жұтайын деп жүрмегені белгілі нәрсе.

Қасындағылардың бірі сүңгуір сияқты, бірнеше рет суға түскен. Бірақ, ештеңе таппаған. Бұл арнаның ағысы қатты, сөмкені ағызып әкеткен шығар. Алайда ауыр нәрсе көп қашыққа ықпайды. Жағаның бір жеріне шығып қалып, әлдекімнің олжасына айналғаны хақ.

Таусоғар кеткен соң басқа адам келіп жыңғыл арасынан қап арқалап шыққаны да жігіттер назарына іліккен. Тығып қойған балығы деуге келмейді, дүрбімен қарағанда құрғақ нәрсе екенін байқаған. Қазір оның бір мекемеде күзетші болып жасайтын, бұрын сотталмаған Сақып Саржамбасов деген азамат екені анықталып отыр. Айымгүл деген әйелі, үш баласы, бір бұзаулы сиыры бар.

Сақып Бұқарбаймен, Таусоғармен қандай байланыста? Тікелей өзіне шықпай көршілерін сөзге тартты. Олардың ішінен Қабатбек деген азамат бір күн бұрын Сақыптың арқасында қабы бар, жүзі жайнап келе жатқанын жеткізді. Айтуынша қаптағы балық емес. Бірер күннен соң сол Қабатбек көршісінің қалаға кеткелі жатқанын, сол жақтан дүкен ашып, саудамен айналысқалы жүргенін айтты. Мұны әйелінен естіпті. Бұған дейін күзетші болып істеп жүрген адам саудаға шығатын ақшаны қайдан алды? Ірі көлемдегі несиені банк кепілсіз бермейді. Сонда тозығы жеткен үйі мен сиырын кепілге қоя ма?

### Қайтқан олжа

Сақыптың қалаға барғанда не істеп, не қойғаны Абылайға жақсы мәлім. Инспектор бөлімге келген соң Сақыпты шақыртты.

– Сонымен қалаға барып, жақсы тойлап қайттыңыз ба? – инспектор оған сынай көз тастап, абыржып қалғанын бірден байқады.

– Иә, досымды туған күнімен құттықтап, әрі балаларға киім қарап келдім.

– Балаларға киімді Айымгүл емес, сіз аласыз ба? Киім алатындай жалақы түсетін уақыт емес. Әлде жинап жүрген ақшаңыз бар ма? Досыңыздың туған күніне барғанда құр қайтпай дүкенге соққансыз-ау.

– Дұрыс айтасыз, қалаға күнде бара бермеймін. Бірақ, шаһарға қалай барып қайтқанымды сұрағалы шақыртпаған боларсыз? Сізбен ағайын-туыс, дос-жарандығымыз жоқ қой.

– Мені таңғалдырғаны досыңыздың туған күнінде қыруар ақшаны желге шашқаныңыз, жарыңыз бола тұра, басқа әйелдің құшағынан табылғаныңыз және үйге құр қол қайтқаныңыз. Сірә, балаларға алған киімдеріңізді бір жерге ұмытқансыз.

Сақып не айтарын білмей қозғалақтап, маңдайынан шып-шып етіп тер шығып, сасқалақтап қалды. Соны пайдаланған Абылай сөзден іске көшіп, не себепті шақыртқанын жеткізді.

– Әлбетте, қылмысқа қатысыңыз жоқ деген ойдамын, – деді инспектор сабырлы қалпынан танбай – Жасыл сөмкені сіз тауып алдыңыз және полиция бөліміне әкелген жоқсыз. Сіңіріп кетуді ойладыңыз. Біріншіден, оның ішінде бір отбасының маңдай терімен жинаған мүлкі мен ақшасы болды ғой. Екіншіден, кім ұрлағанын көргендер бар. Ұрлық жасаған қылмыскерлер де қазір сізді іздеп жатқаны анық, ерте ме, кеш пе табады. Қыруар дүние көкейлерінің құртына айналғандар сізбен бұлай сөйлеспейді. Өзіңізге, отбасыңызға қатер төндіріп қайтесіз? Егер олардың сыбайласы болсаңыз да, бәрібір тұтыласыз.

– Алтынды да, ақшаны да білмеймін. Менен күдіктенуге қандай себептеріңіз бар? Адал адамды неге босқа қаралайсыздар? Ұрылар іздеп келеді деп қорықпаймын, себебі мен ештеңе алған жоқпын. Өйтіп қорқытпаңыз. Жасыл сөмкені көрген жоқпын, – деген Сақып дауысын көтере сөйледі.

– Істі ушықтырып қайтесіз? Үйіңізді тексеруге рұқсат алып, бәрін астан-кестең қылғанымызды қаламайтын шығарсыз? Тауып алсақ ұрланған заттарды жасырушы ретінде жауапқа тартамыз. Қай күні қолға түсемін деп ғұмыр кешкен сізге ұнай ма?

– Сөмкені де, алтын мен ақшаны да көрген жоқпын дедім ғой сізге! Неше рет қайталауым керек? Қадалған жерінен ажырамайтын кене сияқты неткен адамсыз.

– Артық сөйлемеңіз! Жағаға қап апарғаныңызды, оның ішіне бірдеңе салып толтырып алып қайтқаныңызды көрген адам бар. Не әкеліп едіңіз? Оны да анықтаймыз. Тыңдаңыз, ұрланған зат қайыр бермейді. Қазір боссыз, үйіңізге барып мұқият ойланыңыз. Мен сізге тергеумен ынтымақтастық танытуға шақырамын. Олай етпеген жағдайда қалаға барғанда не істеп, не қойғаныңызды әйеліңіз білетін болады.

– Маған бұлай сөйлемеңіз! Отбасымда жұмысыңыз болмасын!

Сақып орнынан ауыр қозғалып, сыртқа беттеді. Есікке жете бере кері бұрылып, біреу көтеріп тастап жібергендей құйрығымен орнына жалп етті.

– Мен сізге бәрін айтамын. Жасыл сөмкені тауып алғаным рас. Іздеуде жүрген заттарды да қайтарамын. Әйеліме ештеңе айтпай-ақ қойыңыз. Босқа уайымдап жүрер.

– Міне, бұл дұрыс сөз. Алдымен жасыл сөмкені қалай тапқаныңызды айтып, сосын оның ішіндегі мүлікті қайда жасырғаныңызды бірін қалдырмай мына қағазға жазып, астына қолыңызды қойыңыз. Ұрланған заттарды әкелгеннен кейін иесімен бірге түгендейміз, – деген Абылай қалам мен қағаз ұсынды.

### Қауіпті операция

Жігіт бәрін орындағаннан кейін инспектор оны тергеумен ынтымақтасуға көндірді.

– Бұл қауіпті операция. Сондықтан барлық сақтық шараларын назарға аламыз. Қазір ұрылар жоғалған алтын мен ақшаны іздеп жатқаны анық. Біз кім ұрлық жасағанын білгенмен, мойындатуға дәлеліміз жеткіліксіз болып отыр. Сіз қымбат тұратын бірер алтын бұйымды ломбардқа тапсырасыз. Қылмыскерлер оларға кімдер келіп жүргенін бақылап отыр. Содан соң олар сізге шығады. Киіміңізге жасырын диктофон орнатамыз. Ұрылармен бірден келісе салмаңыз. Қорқытып, үркіткенде ғана көнген болыңыз. Қауіпсіздігіңізге біз кепілдік етеміз. Бір инспекторымыз сыртыңыздан қарап жүреді. Сөмкеде қанша ақша мен алтын болғанын бірден айта салмаңыз. Олар өздері айтсын. Сөйтсеңіз диктофонға жазылып қалады.

Сақып келісті. Абылаймен жылы қоштасып, үйіне беттеді.

– Кеше Бақыраш ломбардқа бір адам келіп бірнеше алтын бұйымдарды тапсырғанын хабарлады. Түр сипаты бай-бағландардан емес, жаяу жүрген біреу. Жасыл сөмкені сол тапқан болуы керек, әйтпесе күнін әрең көріп жүрген біреуге алтын қайдан келеді. Бақыраш менің тапсыруыммен байқатпай аңдып, соңынан қалмай қайда тұратынын анықтапты, – деді Таусоғар мамық кереуетте шалқая жайғасып, темекі түтінін мұрнынан рахаттана будақтатқан Бұқарбайға қарсы отырып жатып, – Сақып деген бір мекемеде қарапайым күзетші болып жұмыс жасайтын жігіт екен.

– Жарайсың, Таусоғар, – Бұқарбай темекісін алдында тұрған үстел үстіндегі фарфор ыдысқа өшіріп, түзеліп отырды – Бірақ, қайда тұратынын анықтаумен шектелмеген шығарсыңдар?

– Әрине, босс, – Таусоғар оның жанына жағатын сөзді айтып, «Бұқаға» байқатпай көз тастап еді, оның жүзі жылып сала бергенін көрді, – Сақыпты үйінен шығып бір жерге бара жатқанда күштеп көлікке салып алдық. Қазір алдыңызға әкелейік пе? Өзі жуас, момын жігіт екен.

– Момын болғанымен, көзі мен тілі бар ғой. Алтын мен ақшаны алған соң көзін құртыңдар.

Екі жігіт Сақыпты бөлмеге алып кірді.

– Сақып мырза, өзіңмен танысқаныма қуаныштымын! Сендей азаматпен осындай жерде кездесіп жатқаныма айып етпеңіз. Жағдай соған мәжбүрлеп тұр. Мен көп сөзді білмейтін, бірден іске көшетін адаммын, – деген Бұқарбай оған тесіле қарады, – Сол себепті қойған сұраққа дұрыс жауап бергенді ұнатамын. Ол өміріңді сақтайды. Ал, бізде тек бір ғана сұрақ бар? Жасыл сөмкедегі жиырма мың доллар мен алтынды қайда тықтыңыз? Ол менің жеке мүлкім. Досымның ақшасы еді, ішіп келе жатып қайықтан суға түсіріп алыпты. Кейін қанша іздесе де таппаған.

– Қайдағы жасыл сөмке? Жиырма мың доллар мен алтын болса бұлай жүремін бе? – деді Сақып сабырлы қалпынан танбай.

– Қате жауап, – Бұқарбай екі жігітке иек қақты.

Олардың бірі Сақыпты ішінен ұрып, ол екі бүктетілгенде, екіншісі білегімен желкесінен соғып ұзыннан түсірді. Содан кейін қайтадан тұрғызды. Бұқарбай сұрағын қайталады. Сақып та көрген-білген жоқпын дегенінен жазбай, тағы соққыға жығылды. Бұл жолы Таусоғар да араласты.

– Ломбардқа тапсырған алтындарың өзіңдікі екені шын болса, сен оны баяғыда керегіңе жаратар едің. Тағы да қайталаймын, жиырма мың доллар мен алтын қайда? Енді айтпайтын болсаң жоныңнан таспа тілемін! Бұқарбай үстел үстінде жатқан қамшыны қолына алды.

– Өлтіріп, мүрдеңді ит-құсқа тастаймын. Сені кім іздейді иттің баласы?! Содан кейін әйеліңмен, балаларыңмен айналысамын. Алтын мен ақшаны қайда жасырғаныңды айтуға оларды мәжбүрлеймін.

– Ломбардқа тапсырған өз дүнием. Басқа ештеңе білмеймін!

Бұқарбай Сақыпты қамшымен бір тартты.

– Иә, иә, алғаным рас. Бірақ сөмкеде жиырма мың емес, целлофанға оралған үш мың доллар мен алтын бұйымдар ғана болды. Мен оны жағадан тауып алдым, – деді жігіт.

– Сөмке жыртылып па?

– Жоқ бүтін күйінде аспалы бауынан қамысқа ілініп жатты.

– Қанша доллар болды дедің?

– Екі мың.

– Жаңа ғана үш мың дедің ғой, иттің баласы! Бір мыңын қайда жібердің? Неге өтірік айтасың? Жасыл сөмкеде жиырма мың доллар мен он миллионға жуық теңгенің алтын бұйымдары болды. Кәсіпкердің үйінен өз қолыммен санап жасыл сөмкеге салғанмын.

– Иә, иә, дәл солай, – деді Сақып.

Сол кезде бөлме есігі ашылып:

– Жатыңдар жерге, қозғалмаңдар, – деп дауыстап сап етіп қарулы жасақ кіріп келді. Алдында – Абылай Қайсенов.

– Жиырма мың доллар мен алтын бізде ғой, «Бұқа», – деді инспектор – Ал, Сақыппен арадағы әңгімең оның киімінің жағасына жасырылған диктофонға жазылды. Енді сен бұлтара алмайсың. Сыбайластарыңмен бірге баратын жеріңе дайындала бер.

Бұқарбай тістене, Сақып пен Абылайға жанарынан от шаша қарады, Таусоғар көзімен жер шұқыды.

**Қанат ҒҰМАРОВ**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

**E-mail: zanreklama@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 6405 дана**
**Апталық таралым 12810 дана**

Тапсырыс №58 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31